

Япыр-ай, мына боран қайтеді, шынымен-ақ адасқаным ба? Шыр етіп дүниеге келгеннен бері көргенім де, білгенім де осы төңірек. Бұл маңның еңісі мен қиясын, өрі мен шатқалын, тіпті әр тасының сырына қанық едім ғой. Бағыттан қалай айырылып қалдым?

Долы боран дала төсін жұлмалап жатыр. Осы дала төсінде ежелден бір ала алмай жүрген өші бардай ышқына ұйтқып, гуілдеп, сан алуан қорқынышты үн шығарады. Жер де, аспан де түтек.

Желге қарсы бағыт алған жалғыз жолаушының жүрісі өнер емес. Әйтсе де қайта-қайта сүрініп-жығылып, шекпенінің омырауымен бетін қорғаштап далбасалайды. Жайшылықта жылы деп жүрген шекпеннің мұз боп қатып, өн бойын суық алғалы қашан. Қайда, қалай жүрсе, бір қарасынға жетпек? Дүлей боран күннің батысы қайсы, шығысы қайсы аңғартып болар емес. «Шіркін, аз да болса, пана етерлік бір ескі орынға жетсем. Осы күйіммен енді ұзаққа бармаспын».

Ол ыққа қарап тұрып, домбыққан бетін, қолын ысқылап, азкем тыныстады. Сосын үйдегі әйелі мен шиеттей балаларын ойлады. «Мына дүлей күш мұны суық құшағында алар болса, олардың күні не болмақ?»

Қорқынышты үрей өн бойын тітірентіп жіберді. Тағы да өнімсіз жүріспен алға қарай адымдай берді. Сумаң қаққан қарлы, өткір жел қойны-қонышын тінткілеп, суық кесегін тыққылайды.

Жолаушы әлсін-әлсін жан-жағына жіті көз тастайды. Не көрінсін. Бар дүние азынаған үскіріктің құшағына сіңіп кеткендей. Аяғын ілби басып келе жатқан ол жел екпінімен екпетінен құлап түсті. «Міне, міне, бітті деген осы». Екі қолымен жер тіреп, орнынан зорға тұрды. Бойын суық алып, әрі мүлде шаршағаннан құр сүлдесі келеді.

Ертеңгілік ол «Дайын еткелден» шығып, ауылына бет алғанда аспандағы бұлт шабдар ғана болатын. Кенет терістіктен қою қара бұлт шығып, ә дегенше жер мен аспан ақ түтек құшағына орап алды. Барар жерінің терттен бірін де жүріп үлгермеген ол амалсыз кері қайтқанда, жол бағдарын ажырату мүмкін емес еді. Енді, міне, жалпақ даланың қай қиырында келе жатқаны белгісіз. Ең болмаса, ықтасын етерлік

бір пана табылар деген үміті де буалдыр тартып барады. Ендігі ойы - бар күші бітіп қалғанша жүре беру. Әр жағын кім білсін. «Япыр-ай, мұндайда ит-құс кеп жүруші еді, бетімді қар жапқаны де ештеме емес».

Мардымсыз жүріспен тағы да біраз уақыт өтті. Алда әлденеме қараң етіп көзге шалынды. Қорыққаннан даусы шығып кеткенін де білген жоқ. Қасқыр тура бұған қарай келеді. Жоқ, қозғалмайды. Алыстап бара ма, немене? Жоқ бір орында тұрған сияқты. Қарасынға да үлкендеу ғой: Ескі орын ба, әлде үйілген шөп пе?.. Сүрініп-қабынып, ентелей алға ұмтылды.

162

Жолаушы еркін адымдап, төрге өтті. «Мырзаның бірі дейін десем, жаяулап-жалпылап боранда адасып жүрген сиқың мынау, терезесі тең бір құрбысының үйіне келгендей, еркінси қимылдауына қарағанда, ел кезген қайыршыға да ұқсамайды. Сонда өзің кімсің?» - дегендей, үй иесі мен бәйбіше оның бас-аяғын шола көз тастап, таңырқаған күйде. Әйтсе де қонақ алдында елпек қағып, «кішірейе» қоймады. Қонақ та бір мырзаның үйіне келгенін сезіп, аяқ астынан шірене қалды. Сосын үй иесі де, бәйбіше де келген қонақ та біраз үнсіз отырды.

Үй иесі – қаба сақалды, мығым денелі, құс тұмсықтау қара кісі. Орта жастан асып бара жатса керек, кең, шалқақтау маңдайдағы әжім сызаттары тереңірек көрінеді. Керісінше, бәйбіше ажарын бермеген, жасына орай толысқан ақ құба еңді. Кісіге қарағанда, үлкен қоңыр көзі «өзім де, көңілім де әлі жас» дегендей, жалт-жұлт етеді. Үлкен ағаш үйдің іші жиһазға толы. Атлас керек пе, жібек керек пе - бәрі бар. Анау қабырғаларға ұсталған әр алуан түкті кілем көздің жауын алады. Текеметтердің бояуы қандай сәнді оймышталған. Мұның бәрін де жай ғана шолып өткен жолаушының көзі терде ілулі тұрған домбыраға түсті. Домбыраның жасалуы бір ұқыпты қолдан шыққанын аңғартады. Қақпағын бір емес, аса шеберлікпен үш жерден ойыпты. Сосын сол қақпақпен бас пернеге дейін түгел айна жапсырып, құлағына әртүрлі жіптен күлтелендіріле бау тағыпты.

- Қонақ, домбыраға көп қарайсыз, мүмкін, шерте отырып, жөн-жосық айтарсыз, - деді үй иесі. Даусы бір түрлі кекесінді

шықты.

- Ол да жөн шығар, - деді қонақ та сырбаз сөйлеп.

Бәйбіше орнынан тұрып, домбыраны әперді.

Қонақ қос шекті қағып-қағып жібергенде, күмбірлеген үн естілді. «Шыққыш екен». Құлағын бұрап, басын келтірді. Бірақ домбыққан саусақтар быртия ісініп, перне үстінде илікпей, домбырадан шыққан үн бытырай берді. Ақырын шертіп отырып, ерекше күшті дауыспен шырқап қоя берді.

Мұхиттың-ай мен салайын айдайын-ау,

Бақ берген-ай ер жігіттің маңдайын-ай, ай, ай.

Құлақ құрышын қандырып, әп-сәтте езіне баурап аларлық аса биік әуен шырқап шығып, темен түсті. Сосын тағы бір асқақтай ерлеп барып, тынып қалды.

- Саусақтарым домбыққан екен, илікпейді, - деді ол домбыраны қабырғаға сүйеп жатып.

-Тоқта, қонақ, сен әлгі ...әлгі кімнің ... Атын ұмыттым, ғұмыр жасы ұзақ болғыр, соның әнші баласы Мұхит емеспісің? – деді үй иесі таңырқаған үнмен.

- Қателескен жоқсыз...

- Ие, ертеректе бір той үстінде көріп едім, оған да көп болды ғой. Енді, міне, жаңа ән салғанда даусыңнан шырамыттым. Тұр, Қаншайым, қазан кетерт.

Бәйбіше орнынан жеңіл тұрып, сыртқа шығып кетті. Мұхит мұны қайдан көргенін есіне түсіре алмады.

- Ие, сонымен мына ақпан-дақпанда жаяулатып қайдан келесің? - деп сұрады үй иесі бір сәтте қалбақтай қалып.

- Дайын өткелде бір жақын-жекжаттар бар еді, соларға барып, мана таңертең шыққанмын. Мына бір боран адастырып.

- Япыр-ай, құдай сақтаған екен. Өткен жұмадағы боранда біздің ауылдың Сартай деген жігіті адасып... Байғұстың үш баласы жетім қалды.

Үй иесінің есімі Қожым екен. Өні-міні дегенше, сырттан үлкен сары самаурынды безілдете көтеріп, бір жас әйел кірді. «Үлде мен бұлдеге оранып алыпты, мынаның тоқалы болар. Ылғи беті жалтырларды таңдап алуын қарашы, шіркіннің».

Дастарқан жайып, еңкейе берген әйелдің оң жақ бетіндегі тарының қауызындай ғана қара меңге көзі түсіп кеткен Мұхиттың жүрегі өлденеге әлсіз шымыр етті. «Алуа. Қой ол емес шығар. Алуаны тоқалдыққа алған кісінің де аты Қожым

еді ғой. Бірақ Қожым атты кісі аз ба? Ал қара мең сұлу әйелдің көбінде бола береді. Жай ұқсастық та».

Шай үстінде Қожым Мұхитқа сұрақ қоя отырып, әңгіме айтумен болды. Әрлім-бердім жүріс-тұрысы кеп болғандықтан ба, өзі айтқан біраз әңгіменің байыбына барып қайтып отырды. Өзгелердің алдындағы Қожымның сыры мен қыры беймәлім. Мұхитқа ақ көңіл мінезбен жарқылдап отыр. Бұл да жаңағы бір тосын ойдан оралып, оның әңгімесіне біржола назар аударған. Шайды орталай берген кезде Қожым:

- Алуа, шайыңды шығарыңқырап құйшы, - деді.

Мына отырғанның Алуа екеніне Мұхит өнді шүбәсіз. «Иә, мен сені шырамыттым. Ал сен мені мүлде танымауың да ғажап емес. Тіпті әлі ол бұған бір де болса қараған жоқ. Бір-бірімізді көрмегелі он жылдан асып барады екен. Ол кезде сен қабығын жаңа аршыған бала қайың тәрізді сүйкімді қыз едің».

Бір кезде шай құйған шыны аяғын ұсына берген Алуаның қиық қара қасы кербез көтеріліп, алғаш рет бұған көз тастады. «Жанары қандай тұңғиық еді. Бұрын кісіге бұлай қарамаушы еді, сәтте ғана тоқырасып, ұзын кірпіктері төмен сырғыған Алуаның қолындағы шыны аяғы болар-болмас қана шылдыр етті. «Таныды ма? Қолы дір еткендей болды-ау».

164

Мұхит үшін бұдан кейінгі айтылған әңгіменің мағынасы, ішілген шайдың дәмі болмады.

Мұхит сыртқа шықты. Боран басылып, төңірек бір тылсым күйге енген. Тек әлгі қарлы үскірік бар қаһарын сықырлаған аязға қалдырғандай. Шытынап тұр. Көк тұңғиығына тұтаса қалған жұлдыздарға қарап тұрып: «Ертең күн ашық болады екен», - деп түйді ішінен. Өн бойы суық алған ол лезде иегі-иегіне тимей, қалтырап кетті. Енді бұрыла бергенде, үйден біреу шықты да, әрі қарай айнала берді. Бұл есік алдына таяп келгенде ғана ол кері жүрді.

«Алуа ғой».

- Алуа.

- Тс-с, ақырын сөйлеңіз.

Мұхит оған жақындай түсті.

- Алуа, мені таныдың ба? Мұхитпын ғой.

- Шырамыттым. Бірақ жыға тани алмадым. Көп болды ғой көрмегелі.

Оның дауысынан ренішті наз аңғарылды.

Мұхит мүлде таяу келіп, оның қолынан ұстай алды. Алуаның қолы мүлде салқын екен.

- Ол кезде мүлде жас екенбіз ғой, Алуа, - деді толқулы үнмен сыбырлай сөйлеп.

- Сол жастықтың емес пе, екеуміздің тағдырдың тәлкегіне бұйдаланған тайлақтай ілесеміз бергеніміз. Сол жастық па, әлде өзіңе кіршіксіз сенгенімнен бе, осы үйдің табалдырығынан аттағаннан кейін де бір күні болмаса бір күні келіп, алып кетер деп кеп күттім өзіңді. Ал үміт үзілген кезде саған ренжігенмін. Мүмкін, мұным дұрыс та болмас...

- Алуаш-ай, шын айтасың ба? Ондай ой ол кезде мына менің басыма кіріп те шықпады ғой.

Үйден тағы біреу шықты. Екеуі де селт етті. Қожым екен. Қайта-қайта жеткіріне берді. Мұхит Алуаның қолын ақырын қысты.

Алуа асығыс бұрылды.

Мұхит ақырын күрсінді.

Қожым мен бәйбіше қолқалап, бұған біраз ән салғызды. Манағыдай емес, саусақтары икемге келіп қалыпты. Перне үстінде жеңіл ойнақтайды. Біраз сілтеген соң «Зәурешке» басып еді, Қаншайым бәйбіше көңілшек екен. Көзіне жас келіп, бір-екі рет күрсініп алды. Алуа қайтып көрінбей қойды.

Мұхит түнімен теңбекшіп шықты. Не ойлағанын кім білсін. Балаларын сағынды ма, әлде сонау келмеске кеткен жастығын, Алуаны ойлаған шығар.

Үй иелерімен қош айтысып, ертеңіне жолға қайта шықты. Таңертеңгі мезгіл. Күн ұясынан күлімдей кетеріліп келеді. Кеше ғана осы дала төсінде ақпан боран ойнақ салды дегенге адам сенгісіз. Күн көзімен сүйіскен ақ қар мың құбылып, көзді ұялтады. Теңірек тегіс күміс нұр құшағында.

Кеше боранда аңғармапты. Көзге шалынғаны осы жалғыз үй Қожымдікі еді. Тұтаса қонған ауылда елу-алпыс үй бар екен. Көбі - қараша үйлер.

«Алуа кешегіден кейін көрінбей қойды-ау. Мұнысы несі? Енді қайтып көргісі, кездескісі келмегені ме?»

Кеңіл шіркін құлазып-ақ тұр. Қожым үйін сырт айналып, қар қалың басқан ескі жол бағдарымен жүре бергенде, мұның атын атаған әйел даусы естіліп, кілт тоқтады. «Алуа ғой».

- Мұхит, - деді Алуа жан-жағына барлай қарап келе жатып. Мұхит оған қарсы жүрді.

- Алуа, енді көре алмаспын деп едім мен сені.

- Қайтып сеніммен жүздесуге дәтім шыдамады. Кешірімі өзіңнен, Мұхитым, - деп Алуа бұған таяу келіп тоқтады.

Оның күн сүйген ақша жүзі нұр жайнап, ішкі толқуын жасыра алмай тұр. Шіркін, мына тостағандай нәркес қара көз ше? Кезінде балаң жігіт тоятсыз сүюші еді-ау. Сонда осы қос жанардың отына қалай біржола ертеніп кетпеді екен? Сол қос жанар әсте өзгермеген. Тек бұрынғыдай жан дүниенді шарпитын отты емес, арман мен екінішті біржола ұялатқан мұңды жанар. Бірақ оңы мен солына ой кезімен қарар кезге жеткен сері көңілі дәл осы бір сәтте аса сабырлы еді.

- Алуа, Қожым бір кермеге жаман кісі сияқты емес қой.

- Қандай кісі екенін өзің кердің ғой. Сені жеткізіп салуға шыққан «мініс келігінің» терісі әкесінен мұраға қалған пұлы емес еді ғой. Ал маған қиянаты жоқ. Бірақ көңіліңнің төрінен әуелде өзге біреу орын алған соң қиын екен, - деп ол бүктеулі әлдебірдеңені мұның қалтасына салды. - Мұхит, бір кезде өзіңе арнап едім, келмеске кеткен күндердің белгісі болсын.

- Қош, Алуаш, - деді бұл оның қолын алып тұрып.

- Қош, Мұхитым! Қош! Қайтейін, не істейін бұл тағдырға?!

- Алуаш, таусылмашы бұлай!

- Мен тусылып біткен жанмын.

Ол тез бұрылды да, асыға басып кете барды.

Мұхит қайта жолға түсті.

Ақ жібек орамал. Айналасын әр түсті жібек жіппен шебер өрнектепті. Ортасында енді ұшқалы отырған қос көгершін. Ол орамалды бүктеп қалтасына салды да жеделдете басып, жүріп кетті.

«Иә, Алуа, бұл сенің келмеске кеткен жастықтың базарына арнаған белгің, менің қалған өмір жолыма тілеген ақ тілеуің болсын».

Бұл ауылдан шыққалы да біраз күн болған екен. Балаларын сағыныпты. Алда әлі ұзақ жол жатыр. Жүрісін бірте-бірте жеделдете түсті.

Бірінші тарау

Қарап тұрсаң, «Қараезен» жағасының табиғаты - бір ғанибет дүние. Өзінің батыс беті - бұйрат-бұйрат қалың құм. Бір шеті мен бір шетіне көз жетпейді. Ұзақ жылдар бойы желмен тебетөбе боп үйілген құм қалың көш керуенін кез алдына әкеледі. Сары қиыршық құм беті - су толқыны төрізді иірім-иірім. Жағада іннен шыққан суырдай қақшиып «Теректас» тұр. Жақпар-жақпар биік, әрі гранитке ұқсас жып-жылтыр. Ұшар басы арық түйенің өркешіндей, езенге қарай еңкейе біткен.

Ал шығыс беті – ұласып жатқан кең жазық. Қаулай өскен көк шалғын. Ойдым-ойдым ақ, сары, қызыл гүлдер. Көз ұшында қалың тоғай. Алыстан мұнартқан сағым сол тоғайда қонақтап қалыпты.

Шілде айының алғашқы күндерінің бірі. Зауал ауып бара жатқан шақ, бірақ ұшқан құстың қанаты күйіп түсерлікттей, ыстық беті қайта қоймай, шыжып-ақ тұр.

Ауылдан тай шаптырымдай жердегі езеннің жағасы толы адам. Шуласа айқайлаған дауыстар, әлсін-әлсін төгілген күлкілер мелшерсіз. Бағзы біреулер бейне ерке толқынды санап жүргендей керіле құлаш сермесе, енді біреулері бірін-бірі қуалай жарыс салып, су шашысып, мәз-мәйрам. Біразы мұның бәрінен де жалыққандай, жалаңаш арқаларын күнге күйдіре, ыстық құм үстінде аунай түседі.

Кейбіреулерінің алдарында кітап, газет, журнал. Бірақ оқып жатқандар аз. Көбі бастарына жастанып алыпты. Өне бір жерде оқшаулана үшеу орналасыпты. Бұлар - осы Ақсуат ауданы орталығының тұрғындары. Шеттегі талдырмаш, орта бойлы, ақ сары жігіт консерваторияны өткен жылы ғана бітіріп келген. Ширақ қимылы мен жұқалтақ еңінен қагілездік сезіледі. Екіншісі – орта бойлы, кең иықты, апайтөс, қара сұр, қалың қара қасты Сәлім деген шофер. Ал үшіншісі – ұзын бойлы арық қара. Оралдың ауылшаруашылық техникумының студенті.

Үшеуі орта мектепті осы Ақсуаттан бір жылда бітірді. Еркіннің жазғы каникулға келген беті.

Жағадағылардың шуы бәсеңдеп, көбі топ-топ болып, ауылға қайтып барады. Тек ойын балалары ғана бірін-бірі жағадағы қара балшықпен былғай кесектеп, онысына ездері мәз.

- Қайталық, - деп орнынан тұрған Еркін анадай жерде жатқан киіміне беттей берді.

- Қараңдар, аққу келеді, аққулар, - деді балалардың бірі айқайлап.

Бұлар күншығыс жақтан осылай қарай үш бұрыштала әсем сап түзеп, баяу ұшып келе жатқан аққулар тобын көрді.

- Қандай әсем!

Бұл кезде «Теректастың» тұсына барып қалған аққулар кербез керіле, қанат қағып бара жатты. Кенет сол тұстан мылтық даусы шаңқ етіп, көк түтін тұнық аспанда атқұлақтана шаншылды. Бейхабар ұшқан аққулар бір сәт саңқылдай шулап, тас түйнектеле, ұмар-жұмар шүпірлесе қалып, бытырай берген. Артынан-ақ біреуі қараңғы түнде аққан жұлдыздай, төмен қарай құлдилап жөнелді.

- Атты!

Ләм-мим деместен үшеуі киімдеріне ұмтылысты.

Бұлар аққу құлаған шамаға жеткенде, екі кісі мінген жеңіл «Газик» айдай қара жолдың шаңын бұрқырата тартып тұрды.

- Солар атқан, - деді Еркін ентіге дем алып.

- Әттең, қолыма түскенде, кеңірдегін жұлып алатын едім, - деді Сәлім.

Әп-сәтте өзгелер де топтала қалды.

- Мына қанды қараңдар!..

Су бетінде жол-жол болып, аққу қаны кілкіп тұр. Жағадағылар қанға қарап, бір сәт үнсіз қалды. Осы кезде жоғарыдан сұңқылдаған үн шықты. Елеңдей қараған жағадағылар әлгі кеткен аққулардың бірінің қайтып оралғанын көрді.

- Мына келген ата аққу екен, дүние-ай, жаңағы атылған мұның мекиені болды-ау! – деді кекселеу кісі.

- Иә, солай екен, - деді екінші біреу. - Мынаның мойны да, қанаттары да сом. Мекиен әдетте бұған қарағанда нәзіктеу келеді.

Екпіндей ұшып келген бойы аққу саңқылдап қоя берді. Жағада тұрғандар таңырқаса қарайды. Ешкім де ата аққуды қайтып оралады деп ойламаса керек. Әуелеп қалқыған аққу саңқылдай үн шығарып, ұзақ жүрді. Үні - тым зарлы, өзек өртерлік мұңды. Бір кезде төмен қарай сорғалай құлады, сол бетімен суға сүңгіп кетердей төніп келді де, ақ бауырын жалт еткізіп, жоғары самғады. Ол мұны бірнеше қайталады.

- Япыр-ай, ә, жаңа ғана мекиеннің адам қолынан мерт болғанын біле тұра бізден қалай сескенбейді?

- Мүмкін біздің қиянат жасамасымызды сезетін де шығар.

Аққу бұлардан сескеніп, үрікпеді де. Бірде төмен сорғалай құлап, бірде оқша тіп-тік жоғары атылып, безілдеген зарлы

үнімен аласұрады. Қос қанаты кең жайылып, ұзын мойны созыла түскен. Лақтырған тастай төмен сорғалайды, атылып шырқау биікке самғап кетеді. Енді бірде тағы да төмен құлдилап келген бойы су бетіндегі қызыл қанды қос қанатымен кезек-кезек тілгілеп тастады. Ақ бауыры, ақ қанаты қып-қызыл. Баяу қанат қағып биіктеп барады. Қан су толқынымен ілесіп, лезде жоқ болды.

Аққу сол кетерілген бетімен енді қайтып төмендемеді.

Үнсіз тұрған қалың топ біртіндеп тарай бастады. Әркім аққу туралы өз пікірлерін таласа айтып, дабырласып барады. Жағадағы үшеуі қалды.

- Халық аққуды киелі деп атпайды, сонда оның киесі осы нәзіктігі екен ғой, - деді Айжарық.

- Иә, атпайды. Әрі халық осы нәзіктегі үшін де оны махаббат куәгері деп санайды емес пе, - деді Сәлім. - Ал аққуды атқандар...

- Жүріңдер, қайталық!

Олар ауылға қарай жүрді. Әркім өз ойымен болып, үнсіз келеді. Көп кешікпей, ауыл шетіне келіп кірді. Келесі көшеге бұрыла берген Еркін:

- Айжарық, мен ертең жүремін ғой, шығарып сал, - деді.

Бейхабар келе жатқан Айжарық селт етті.

- Ә, әрине. Әзірге сау тұрыңдар.

Сәлім мен Еркін бірге кетті. Айжарық ауыл шетіндегі өз үйіне қарай асыға басты. Көңілі әлем-жәлем. Жүрегі лоблып, басы айналғандай. Әлгі аққудың мұңды үні жүрегінен де, құлағынан да кетер болмады.

Ымырт көлеңкесі мол қымтаған шағын бөлме ішін рояльдің сапырылсқан ащы үні тынымсыз осқылайды.

Өзен жағасынан әлгі бір әзірде оралған Айжарық қазір рояль жанында. Асқақ үнді рояль тілінен шыққан әуен сағасынан асып-төгіліп жатыр. Манағы уақиғадан кейін ол тыншу таба алмай-ақ қойды. Көз алдында - жанталаса аласұрып қанат қаққан аққу, құлағында - зарлы үн, жүрегінде - аяныш сезім. Бұл сезімнен серпілмек болып, көңілді бірнеше ән ойнап еді, жабырқау көңіл жұбаныш таппады. Енді ол Бетховеннің мұңды әуендерінің біріне ауысты. Биік әуенді рояль тілінен сапырыла ақтарылған қаһарлы да, қайғылы саз шағын бөлме ішін кернеп кетті. Бір сәт асқақ әуен талпына қанат қақса, лезде ауыр тыныстап, бірде ыңыранған, бірде діріл қаққан мұңды үн көміп кетеді. Сабырлы да терең сезім әуелей қалқып тұрып қалады. Аласапыран дауыл соғып, ілезде өкінішті өмірдің қара нәсерін төгіп-тегіп өткендей болады.

Ұзақ ойнаған ол бір сәт рояль қақпағына басын сүйеп,

ойланып қалды. Құлағынан аққудың әлгі мұнды үні кетер емес, жүрегін сыздатып барады. Қалай, қайткенде тыншу табады? Оны ұмытуға қайғының меңіреу құзындай көрінетін Бетховен әуендері де себеп бола алмады-ау. Әлде әр қайғының орны әр басқа ма...

Кенет көңілінде жаңа бір әуен ойнап еткендей болды. Рояль тілінің үстінде саусақтары жүгіре женелді. Сол әуеннен ерекше бір үн, ерекше бір тебірөніс сезгендей, бірнеше қайталап ойнап шықты. Сосын тағы да рояль қақпағына басын сүйеп, ұзақ отырды. Қайталап тартты. «Бұл кімнің сазы? Бетховен бе? Жоқ. Бетховеннің өзі білетін сонаталарының ішінде мұндай әуен жоқты. Моцарт па? Оған мүлде ұқсамайды. Моцарт саздары ойнақы, әрқашан шалқып тұрушы еді ғой. Глинка ма?»

Қанша ойласа да, есіне түсіре алмады. Тіпті осы ойнап отырғанның өзі ән бе, әлде камералық шығарманың бір тармағы ма? Байқауынша, әнге де, басқаға да ұқсамайтын сияқты. Әдетте ән белгілі бір тармақтармен, не соған қоса бірнеше қайырма жолдармен аяқталушы еді. Ал мұнысы не? Әрі жидірмелете қайталанған аккорд дыбыстарына қарағанда, бұның әннен табиғаты өзгеше. Сонда бұл не, кімнің туындысы? Жоқ, бұл езгенің туындысы емес, көңілде ойнаған жаңа әуен болар ма? Сөз жоқ, өз туындысы. Оған күмән қалмады. Өзі шығарған бұрынғы әндер де солай кенет туып, кейін бірнеше түзету жасалып барып, жарық көрген. Ал мұның бұрынғылардың езгешілігі – мұндылығы. Өзі шығарған әндер әрқашан асқақ кеңілді болушы еді. Бұл әуенде ауыр тыныс, терең ырғақ, мұнды саз бар. Сонда бұл не? Әлде аққу мұңы ма екен қайта оралған?

- Айжарық, ә, Айжарық, асыңды ішсеңші, суып қалды ғой. Сол қара сандықты күндіз-түні даңғырлата бергенде бірдеме шыға ма?

Айжарық ерте оянды. Түндө жай жатқандықтан ба, басы зеңгіп, ауыр тыныстайды, бойы дел-сал. Орнынан тұрып, терезенің желдеткішін ашты. Жаз айының таңғы самалы бөлмеге лап қойды. Кеудесін кере қайта-қайта тыныс алған ол кәдімгідей сергіп сала берді.

Кешеді қыбыр еткен жан жоқ. Ерте сиыр сауатын әйелдер де әлі тұра қоймапты. Шығыс жақ қызыл шұғылаға малынған. Тіршілік тынысын оятқандай, әр жерде тынымсыз шырылдаған бозторғайлар. Терезе тұсынан солардың бірі шырқап қоя берді. Кезге көрінбес жіппен аспанға іліп қойғандай: не биіктемейді, не төмендемейді, бір орында тербеле толқып құйқылжытады. Осыншама сиқырлы үн тобықтай ғана кіп-кішкене құстың

қай жеріне сыйып тұрғанына таң қаласың! «Таң хабаршысы, шырқап тұрғаның қандай ән, мүмкін мынау сұлу таңға деген жүрегінің қуанышы шығар? Әлде емір жыры осы ма? Мүмкін, махаббат жыры шығар, кім білген? Нағыз бақытты құссың. Сенің бақыттылығың - титімдей жүрегіңнің адалдығы».

Сүйсіне қарап, Айжарық біраз тұрді. Кенет тағы бір бозторғай пайда бола кетті. Екеуі қосыла шырқап, едәуір тұрды да, жарыса ұшып, көзден ғайып болды.

Киініп, этажерка үстінде тұрған былғары портфөлін алды. Әлдебір қағаздарды қарап жатып, тырнақтың қалыңдығындай жұқа кітапшаны түсіріп алды. Бірнеше сурет шашылып қалды. Жинастыра беріп: «Япыр-ау, мына сурет қайдан шықты, таба алмай жүрсем», - деді күбірлеп. «Бибі...» Ол езінің осы есімді дауыстап, бірнеше қайталағанын аңғарған жоқ.

Бір топ оқушы болып мектеп бітірер жылы түскен еді. Айжарық басқаларға тез кез жүгіртіп өтті де, ақ құба өңді, жүзінен сәл ғана күлкі нышаны аңғарылған қыз бейнесіне қадала қарады.

Оны көрмегеніне де көп жыл болған сияқты. Жоқ, былайша көріп жүр-ау, бір ауылда тұрып, көрмеді дегенге кім сенеді? Алматыдан біржола келгеннен бері де бірнеше рет көрген. Бірақ сол сәттерде бір-бірінен тез етіп кетуге тырсатын екеуі де. Әрі сол соңғы кештен қайтып онымен кездесуге жүрегі дауаламайтын.

Ол мұның мектеп бітіру кеші еді. Жиналғандар – мектеп бітірушілер мен ата-аналары. Мектептің шағын клубы лық толы. Бәрі қуанышты.

Концерт басталды. Қатысушы оқушылар да бар өнерін аяп жатқан жоқ: бірі ән салып, бірі билеп, бірі домбыра тартып, көпшіліктің көңілінен шығуда.

Концерт бітіп, көпшілік тарай бастады. Жастар жағы биге қалды.

Жігіттер жағы билегілері келіп, кеу-кеулеп барады.

- Әйда, Айжарық, баяныңның құлағын ұста.

- Мәңіретші, бүгін бәтеңкеміздің табаны қақырағанша билейік.

Сол күні Айжарық билей алмады. Би аяқталған соң екеуі клубтан бірге шықты. Қол ұстасып келеді. Таң сібірлеп қалған екен. Жұлдыздар көрияның нұры тайған жанарындай тым солғын.

- Бибі!

- Әу.

Айжарық оның қолынан жай ұстап тоқтатты.

- Бибі...

- Не айтпақсың, Айжарық?
- Бибі мен сені... сен маған ұнайсың.

-

- Неге үндемейсің, Бибі?
- Не айтайын үндегенде.
- Түсінсеңші.
- Түсініп тұрмын.
- Ендеше ұнатамын деп тұрмын ғой сені.
- Ұнасам қайтейін...
- Ал сен ше? Мен саған ұнаймын ба?
- Кеш, кеш айттың, Айжарық.

Аспан айналып шарт етті. Жер теңселіп кетті ме, қайтты? Жоқ, бірі де болған жоқ. Сезімнің күл-паршасы шықты.

- Кім еді, ол?
- Бәрібір емес пе?..
- Сонда да.
- Әбен.
- Әбен!..

Айжарықтың даусы қаттырақ шығып кетті. Әбенді екі-үш рет кергені бар. Ұзын бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей, кең жауырынды, қара сұр, сымбатты жігіт. Оралдан ауылшаруашылық институтын бітіріп келген.

172

- Айжарық, ренжіме. Жүрек қалауы ғой.
- Қыз үні жалынышты шыққандай.
- Иә, жүрек қалауы...

«Әрі ол менен сұлу да ғой» деген сез бала жігіттің кеңілінде қалды. Қиналғанын барынша білдірмегісі-ақ келіп тұр.

- Жақсылық қана тілеймін, - деп Айжарық қыздың қолын алды. Қолы ып-ыстық екен...

Сол жылы Бибі Ақтөбенің медицина институтына түскен-ді. Бірақ бір жылын бітіргесін-ақ, оқуын тастап, Әбенге тұрмысқа шықты.

Өзінен езге жан жоқ. «Ерте келдім-ау» деп ойлаған ол екі қолын қайыра ұстап, әрлі-берлі жүре бастады.

- Сізге кім көрек еді?-деді бір әйел даусы оң жақтан.

Айжарық дауыс шыққан жаққа қарады. Орта бойлы, толықша келген бейтаныс әйел өтіп барады екен.

- Облыс орталығына жүретін автобусты күтіп едім.
- Е, еһ, автобус кеткелі он-он бес минут болып қалды.
- Рақмет, апай.

«Қап, Еркін не деп кетті екен, шығарып сала алмадым-ау».

Жүріс-тұрыс саябырлап, жұрт орынға тегіс отырған кез. Айсыз түн. Жамың қаққан ірілі-ұсақты жұлдыздар ғана көрінеді. Кешедегі әр жерге орнатылған электр шамдары болымсыз жарық түсіріп тұр. Жер де, көк те өз шырақтарын жағып, тіршілік тынысын білдіргендей. Ауыл шетінде тынымсыз гүрілдеген электр моторының үні естіледі. Орталық кешедегі шатырлы үлкен үйден әлсін-әлсін бірде булыға, бірде шалқып шыққан музыка әудем жерге естіліп қалады. Бұл – аудандық клуб. Музыка - оркестр. Концерт емес, аудан жастарының облыстық керкемөнерпаздар байқауына әзірлігі. Клуб сахнасында елу-алпыс адамнан құралған оркестр. Әркімнің қолында - әр түрлі музыка аспабы. Көбінде домбыра. Өлгіде басталған «Қайран, шешем» күйі кілт үзілді. Оркестр мүшелері жаңа ғана аяқталған күй сазын іштей қайталап отырғандай, біраз үнсіз қалды.

Бұл тыныштықты Ертай бұзды.

- Ағай, қалай шықты?

- Өзірге жаман емес, - деді Айжарық.

- Бүгінге осы жетеді. Ертең «Қайран, шешеммен» бірге «Саржайлауды» ойнап үйренеміз. Айтпақшы, бас домбыраны, виолончельдерді администратордың бөлмесіне қалдыра салуды ұмытпаңдар.

Оркестр мүшелері жапырыла қозғалып, тарауға ыңғайланды.

- Келесіде Моцарттың өмірі мен творчествосынан лекцияңыздың бар екенін сіз де ұмытпаңыз, - деді Қарлыға. Өзге қыздар мен жігіттер оны қостай сөйлеп, күлісіп жатыр. Айжарық Қарлығаға сүйсіне қарады. Қыз да қоңыр көзін жалт еткізіп, бұған жауап қатқандай боп шығып кетті.

Айжарық клубтан шығысымен, езгелермен қош айтысып, өз үйіне қарай бет алды. Жаз айының қоңырсалқын түні. Мың бұралған самал лөп беттен өбеді. «Рахат-ай, қандай тамаша түн!» Көңілі көтеріңкі.

Айжарық – мәдениет бөлімінің меңгерушісі, кешкілік жастар арасында өнер атаулының даму жолдары туралы білгенінше түрлі лекция оқиды. Осыған орай өнерді білсем, үйренсем, соның сырын ұқсам деген талаптылардың қатары да көп. Соңғы кезде жатса да, тұрса да ойына он оралып, мазалаған бір жай бар. Ол – керкемөнерпаздардың облыстық байқауы. Бұл - оның алдында тұрған алғашқы асудай. Қалай өтері белгісіз. Тек бұған құлшына кірісіп жүрген жастар ғана үміт тірегі. Солардың ішінде әлгі ақ сары қыз бұл үшін ерекше биік тұрғандай. Алып бара жатқан өнері жоқ, көптің бірі. «Қызық өзі, үнемі жайдары жүреді», - деді

жігіт Қарлығаны есіне алып, онымен Айжарықтың алғаш танысуы да қызық.

Алматыдан оралған күндерінің бірі еді. Балық аулауды машықты ісіне айналдырған ол бір күні ерте тұрып, Қараөзенге барды. Күн ыстық. Желсіз тымық аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Жерқұрт түйреген қармақты түскө таман балық жиі қапты. Қызыққа берілген ол енді ұсақ балықты майдалап алабұғаға салды. Сөйткенінше болмай, қалтқы лып беріп, сүңгіп жоғалды. Жұлқа татқан ол қармақты үлкен сары тұқыштың қапқанын аңғарды. Бауды үзіп кететінін сезіп, енді қармақты өзіне қарай жаймен сүйрете тартты. Жақындап келгенде, сартұқыш су бетіне шоршып шықты да, шошына бұлқып, сүңгіп кетті. Салмағы манадан қайықтың бір жағына түсіп тұрған ол аяғы тайып, суға күмп берді. Ертеңгі салқыннан денесі тоңазып, киіп алған бешпетін де шеше қоймаған еді, малмандай болды. Төңкерілген қайықты зорға аударып, малшынған күйі қайта отыра бергенде, сықылықтай күлген дауысты құлағы шалды. Жағаға қысыла қараған ол өзінің мүшкіл халіне шек-сілесі қата күліп тұрған қызды көрді. Сұңғақ бойлы, шашын төбесіне биік етіп дөңгелете түйіп қойған қыз тұлғасына сұқтана қарағаны болмаса, тіл қата алмады, әрі қыздың күліп тұрып:

174 - Қол басындай балыққа күшіңіздің жетпеуіне қарағанда, маңдайыңызға күн тимеген ақсаусақ шығарсыз, - деген сезі шымбайына батып кетті.

Тіл қатпастан, бешпетін шешіп, сыға бастады. Қызға көз қиығын тастап қояды. Қыз да қайтып үндемеді. Тек үлкен қоңыр көздері күлімдеп, қайта-қайта қарағандай болды бұған. Екі шелек су алып кете берген ол:

- Қараөзеннің балығы ірі келеді, балықшы ағай, өміріңізге қатер жасамасын, - деді.

Ол ауыл шетіне кіріп, шеткі бір үйдің тасасына түскенше, соңынан қарап тұрды.

Кейін онымен аудан жастары концерт қойғалы жиналғанда клубта кездесті. Қасындағы жолдас жігітімен клубқа кірсө, іште алқа-қотан бір топ жастар тұр екен. Көбін танымайды, ішінде анау күнгі су басында кездесетін қыз да бар. Өзіне белгісіз жаймен Айжарық қызарып кетті.

- Танысып қойыңыздар, Айжарық Жантілеуов, - деді жолдас жігіті, - консерваторияны бітіріп, бізге қызметке келіп жатыр.

Қол алысып, бәрімен танысып жатыр. Кезек орта тұста тұрған қызға келді.

- Балықшылық та өнеріңіздің бар екенін айта кетуге болатын

еді, - деп жадырай күліп, қолын ұсына берген ол «Қарлыға» деп таныстырды өзін.

Алғашқыда «жеңілтектеу ме» деп қалған Айжарық кейін қыздың жарқын, жайдары мінезін таныды. Қазір де жүрегін ерекше сезім толқыны көміп келеді. «Сүйсе несі бар, сүймейтіндей қыз ба екен» дегендей, жүрегі лүп-лүп етеді. Аспанға қарады. Жұлдыздар неткен кеп еді! Күле ме, көзін қыса ма қайтеді? Кенет сол жұлдыздардың бірі сәтке ғана ақ жолақ із қалдырып, сырғып түсті. Жігіттің көңілі бірден салқын тартып, жүрегі шым етіп сыздап өтті. «Аққан жұлдыз, қанат қақпастан сорғалай құлаған аққу - бір-біріне қалай ұқсас».

Ол үйге жетуге асықты. Үйге келісімен рояль жанына отырды. Ұзақ тартты. Жатқан соң да кепке дейін кірпік іле алмады.

Басы зеңгіп, миы қайнап жатқандай.

Әне таң да атты. Үй ішіне жарық сәуле түсе бастады. Міне, қызық! Аққудың үні қайдан шықты?

Әне, әне көлбеңдеп ұшып жүр. Қап, таба алмайды-ау!? Жоқ, тапты, тапты мекиенін. Әне бірге ұшып барады екеуі...

Үй ішіндегі бозғылт сәулелің ақ кірпік қызыл шұғылаға айналғанын көрген жоқ, барлық ой мен сезім бір сәтке тыныштық құшағына ене берді.

Екінші тарау

175

Соңғы күндері аспанда үлбіреген ақ жібек бұлттар жиі пайда болып, әлсін-әлсін күн кезін көлегейлеп өтеді. Күз айының алғашқы күндері езінің ыстық шуағын мол тәгіп өтіп жатыр.

Жаңа-жаңа қанаты қата бастаған балапандарын бастап, құс атаулы тегістей алыс сапарларға бет алуда. Өзге құстардан ерте келіп-кететін қарлығаш пен қара торғайлардың ұялары иесіз үйлердей жырым-жырым. Шөп-шалам, құстың мамығы сияқты қоқыстар ұшып түсіп, көше бойын ыбырсыта түседі.

Айжарық үйден шыққан бойда ауыл орталығындағы клубқа қарай аяңдасын.

Көше тар. Аты болмаса, жөнді көше жоқ. Әр жерде шашылған тарыдай боп жапырайған үйлер. Күз қырауы жақын. Бірақ әлі де сыланып күтілмеген көп үйлердің қабырғасын жаңбыр жеп тастаған. Сиықсыз, бұж-бұж. Жаңбыр жауып, әрлі-берлі жүрген машиналар қазып кеткен жол бедері де ойқы-шойқы.

Әр жерге отырғызылған ағаш бастарында ұшып-қонған құстар. Ескілеу қияқты үй жанындағы үлкен терек түбіне келгенде, Айжарық тұрып қалды. Бір топ бозторғай пыр етіп ұшып өтті. Тек

біреуі ұя төңірегін айнала ұшып жүр.

Ұя жанында терт-бес балапан торғай қонақтап отыр. Таныс ұя. Айжарық жұмысқа барғанда үнемі осы арамен жүргендіктен, ағаш басындағы бұл ұяны күнде керетін. Бұрын жоқ ұяның бір күнде пайда болғанына таңырқап, әрдайым көз салып ететін. Бірнеше күн өткен соң, әлгі торғайлардың балапан басып шығарғанын көрді. Ана торғай ұядан асыға ұшып, жем тасиды. Балапандар сап-сары ауыздарын кең ашып күтіп алады.

Міне, енді сол үрпек бас, сарыауыздар қанат қақпақ. Қайда, қалай ұшары белгісіз. Әлгі торғай балапандары аман-есен қанаттанған ұясын қимай жүргендей көрінді бұған. «Құс екеш, құс та қайырлы мекенін ыстық көреді-ау».

- Аға, Айжарық аға, не қарап тұрсыз?

Айжарық дауыс шыққан жаққа қарады. Жол шетінде «шиналарымен» ойнап жүрген үш-төрт баланың бірі бұған қарай жүре түсіп, мұның аң-таң болған кейпіне қарал тұрып қалды. «Қайдан көрдім осы баланы», есіне түсіре алмай тұр. «Ә, ө, Әбеннің баласы. Кекілі жалбыраған ақ сары, әдемі-ақ екен...» бала әлі сол орнында. Айжарық түсін жылыта тіл қатты:

- О, о балақан, кел, кел бері, тіпті өзіңді танымай қалдым ғой. Дәу жігіт болып кеткенсің. Келе ғой.

Бала жақындай берді. Ол еңкейіп баланы қолына алды.

- Атың кім, қалқам?

- Самат, - бала жайнай түсті.

- Ой, атың жақсы екен. Ал халің қалай?

- Жақсы. Аға, мен сізді осы арадан күнде көрем.

- А, а солай ма... Мен сені неғып көрмедім екен?

- Аға, сіз біздің үйге неге келіп тұрмайсыз? Папам үйде жоқ. Келмейді.

Айжарық бұл сөзге әуелі рақаттанып күліп алды да, тез тыйылды.

- Папаң қайда кетті, Самат?

- Білмеймін. Мамам әзір келмейді дейді папамды.

Саматтың сөзіне Айжарық жүрегі ылжырап кетті. Ол түнеукүні көркемөнерпаздардың байқауына жүріп кетіп, Әбеннің белгісіз жаққа кетіп қалғанынан хабарсыз-ды.

- Саматжан, папаң келеді әлі.

Саматтың бұл сезге қуанып қалғанын жайнай түскен жүзінен таныды.

- Самат, сен ескен соң кім боласың?

- Ұшқыш болам. Аспанға ұшам. Аспаннан да биік ұшам. - Ол масаттана сөйледі.

- Дұрыс, міне, сен жігітсің. Мені де ала ұшасың ғой...

...

- Самолетіңе мені де отырғызасың ғой?

- Сізді де, мамамды да, папамды да, оны да отырғызып ұшамын. Москваға барамыз.

- Ерледің, Саматжан!

- Аға, менің ертең туған күнім. Мамам сыйлыққа «велосипед әперем» деді.

- Самат, сен сонда нешеде боласың?

- Төртеудің үстіне шығам.

- Ой, өзің әбден жігіт болған екенсің ғой.

Самат бұл сөзге тағы да масаттанып қалды.

- Аға, жігіт болғаным үшін сіз де сыйлық әпересіз бе?

- Әперем, Самат. Ертең осы арадан кездесеміз ғой.

- Кездесеміз.

Айжарық өзінің асығыс екені есіне түсіп, орнынан тұрды.

- Сау бол, аға!

- Сау бол, Самат!

Бұрыла берген ол бұларға үй жанында қарап тұрған Бибіні көрді. Екеуі де бас изесіп, амандасу ишаратын білдірді. Бибі үйіне қарай бұрылып кетті. Айжарық ойланып келеді. «Не әперсем екен?». Біраз жер жүріп барып, кейін бұрылып қарап еді, Бибі Саматты көтерген күйі үйге кіріп барады екен. Самат әлдебірдеңені айтып, қолын ербеңдетіп, мәз болып барады. «Ә, ә, таптым», - деп іштей қуанған Айжарық клубқа қарай жеделдете жүрді.

Айжарық клубқа кіргенде, оның келе жатқанын терезеден көріп тұрған бес-алты жігіт жабыса кетті. Тік ұстап, бастарынан асыра көтеріп, ұтып алып, қайта лақтырды. Тағы.. тағы... сан қайталады. Ештеңе түсінбеген күйі Айжарық жігіттердің қолында жаулықша жалпыланды. Клуб іші у-шу. Қарқылдаған, сылдыраған, сыңғырлаған күлкіге толы.

- Лақтыр, лақтырыңдар аспанға!

- Сілесі қатқанша лақтырыңдар!

Айжарық іркіті шығып, ынтығып қалды.

- Не болды, жігіттер, сіздерге соншама? - деді.

- Ойбай-ау, мынау әлі шаршамаған ғой, сөйлейді.

- Лақтырыңқыраңдар деп тұрмын ғой сендерге.

Елігіп, даурығып алған жігіттер оны аспанға лақтырып, қақпақыл ойнап жатыр.

- Болды ғой, жігіттер.

- Аясандаршы, әп-әсем жігітті. О, несі-ай зықысын

шығарғандары. – Соңғысын айтып жатқан қыздар жағы.

- Ойбай, аяушылық болмасын, енді басына бір шелек су құя салыңдар, демігіп қалар, - деді әбден қызып алған жігіттердің бірі.

Қыздар бұған жібермеді.

- Айтсаңдаршы мән-жайды түсіндіріп, - деді Айжарық екі иығынан дем алып.

- Алматыға баратын болдық, - деді ұзынтұра қара жігіт екі езуі екі құлағына жетіп.

- Не үшін?

- Ойбай-ау, не үшін несі? Көркеменерпаздардың облыстық жарысынан бірінші орын алған біз бармағанда, Алматыға енді кім барады деп жүр едің? - деді тапал сары.

- Қой, шын ба?

- Нанбайды деп айттым ғой, көрсет, көрсетіңдер телеграмманы.

Қолдан-қолға жүгіртіп, телеграмма қағазы Айжарыққа жетті. Көркеменерпаздардың облыстық комиссиясынан екен, асыға үңілді. «Көркеменерпаздардың республикалық жарысына сіздің коллективтің баруы ұсынылды, жуық арада жүресіздер. Тек өзірленіңіздер», - делініпті.

178 Қуанып кетті. Қуанбағанда ше! Бұл - оның, аудан жастарының алғашқы қадамы. Алғашқы жемісі.

Мұның ертеңі жексенбі еді.

Ұясынан күлімдей кетерілген күн әп-сәтте ысып сала берді. Ауыл жастары бұл жексенбіде Қараөзенге қайықпен қыдыруға келіскен. Міне, бір топ жастар шуласа, жайраңдап өзенге қарай барады. Бәрі бір кезде қосыла шырқады.

Аспанда айым,

Жерімде қайың,

Жағалап көлді келемін.

Әне, олар өзен жағасында тұрған алты-жеті қайыққа екі-үштен бөлініп мінді. Айжарық пен Қарлыға бір қайықта.

Қайыққа отырысымен, бөлініп-бөлініп біразы өзен ағысына қарсы, енді біреулер ыңғайымен жүзіп, бытырай берді.

Бәрі де көңілді. Бір ауық әркім әр түрлі ән салып, жамырай шулап кетеді. Мұның соңы - тағы да мөлшерсіз тегілген күлкі. Айжарық үш қайық болып, өзен ағысының ыңғайымен жүзген. Келесі қайықтағылардың қармағы бар екен, балықтың қызығына түсіп, кейін қалып қойды да, ескекті еркінше сілтеңкіреп жіберген Айжарық пен Қарлыға олардан бірден ұзап кетті.

Бұлар Теректастың еңкіш біткен ұшар басының тұсына

келіп тоқтады. Нақ басы опырылып түсіп, бұларды өзен түбіне әкетердей үңірейіп тұр.

- Қандай қорқынышты! - Қарлығаның даусы үрейлі шықты, жүзіндегі әлгі көңілді кейпі тез жоғалған. Айжарық күлді.

- Қорқақ болмағай ең?

- Жо-жоқ, қарашы, тап қазір үстімізге құлайтын тәрізді. Бұрын сырттан көргенім болмаса, тап бұлай бауырына келген жоқ едім.

- Неге, анада келмеп пе едік? —деді Айжарық өткен бір жолғы қайықпен қыдырғанын еске алып.

- Жоқ, онда жетпей қайттық. Ал оның алдындағыда өзеннің арғы жағалауымен жүрдік қой.

- А - а, солай ма еді?

- Айжарық, аққуды атқан жер осы ара ма?

- Жоқ, ол осы тастың күншығысы, ал біз қазір күнбатыс бетінде тұрмыз ғой.

- Сол аққудың уақиғасы бүкіл ауылға аңыз болып кетті-ау.

- Жүрексіз жан болмаса, кім-кімді де бір тебіренерлік жай.

Екеуі біраз уақыт үнсіз отырды. Қыз қайықтан еңкейе асылды да, алақанымен сипай есіп, су бетіндегі ұсақ толқындарға қарап қалыпты.

Жас баланың білегіндей қос бұрымының бірі сусып, ұшы суға малынды. Әлсін-әлсін иығына қарай сілкіп тастап, өуре болуда.

Айжарық жақын келіп, қолын созды. Қыздың сүйріктей саусақтары алақанына қонақтай қалды. Қыз қолынан жүрек дірілін аңғарды. Соңғы кезде Қарлыға біртүрлі тұйық. Бұрынғы ақ жарқын кейпі сирек аңғарылады. Мұның сыры өзіне болмаса, езгеге беймәлім. Ал осы сәтте қыз жүрегінің балауса сезімі алғаш рет шешек жарған қыр гүлінің несерлей жауған көктем селін асыға күткеніндей, ерекше шөліркеулі еді.

Алғашқы кездесулер. Жүзі жылы, қағылез, биязы мінезді жігіт қыз жүрегін шым өткізді. Бұрын сезбеген жаңа сезім. Бұл сезімнің құдіретті ұлы сезім екенін қыз санасына уақыттың өзі жеткізді. Содан бері алып-ұшқан кеңіл махаббаттың жүректегі жібек жібін жалғауға асығады, аңсайды. Тіпті кей уақыт Айжарықтың алдында шындық шымылдығын өзі серпіп, ашып жібергісі келеді. Бірақ қыз табиғатына лайық ұяндық бегей бөреді. Сыр самалының жібек шымылдығын ашу Айжарыққа байланысты деп түсінеді.

Қарлыға тағы да еңкейіп, қос қолымен суды шашып-шашып жіберді. Күн кезімен мың құбылған маржан тамшылар төгіліп жатыр.

Осы кезде кейін келе жатқан қайықтағылардың дабырласа сөйлескен дауыстары естілді.

- Айжарық-ау, біз балық аулап жүрсек, сен қыз аулап жүруден саусың ба? Қызымызды қасыңа отырғызып алып, бөліне тартып тұруында бір гәп бар, - деді күле айқайлап, отты қара көзді, сұрша қыз.

- Жәмила, сен де әйтеуір кез келгеннен күдіктене бересің, - деп Айжарық күлді.

Қарлыға төмен қарап, қызара қалды.

Олар серуеннен ауылға кеш қайтты. Көңілді қайтты.

Бұдан кейін Ақсуат өнерпаздары апта бойы әзірлік жасап, Алматыға жүріп кетті.

Соңғы кезде Бибі қатты жүдеді. Қаны ойнаған қызыл шырайлы ақ құба өңі боп-боз, жүдеу, жағы суалып, ұзара түскендей. Тек үлкен қара кезі ғана өзгермеген. Бірақ ол да бұрынғыдай жалт-жұлт етіп тұратын нәркес көз емес. Мұңды көз, ойлы көз.

Оның жанын жегідей жеп қажытқан – ой. Ойлайтыны - әрине, өз тағдыры.

Бибі әке-шешенің мейірбан жүзін керген жоқ. Әкесі майданға аттағанда бір жаста, анасы кекірек ауруынан қайтқанда үште болатын. Әкесі майданнан оралмады. Оны да ауылдас, әкесін кере қалғандардың айтуы бойынша біледі. Нағашысының қолында тәрбиеленді. Жетімдік тақсіретін де тартқан жоқ. Әйтсе де бала үшін ана мен әкенің күншуақ мерейі неге тұрады! Аңсап өсті. Құлазулы кеңіл құлазулы күйінде өсті.

180

Мектепті бітірер жылы қыр гүліндей құлпырып шыға келді. Кішкене талдырмаш бойы сұңғақтанып, пісте мұрны қырланып, үлкен қара көзінен денсаулық пен кіршіксіз жүрек оты ұшқын шашты. Қатар жүрген құрбы қыздары еш қызғанышсыз: «Бибі, сен бақыттысың. Сұлулық пен ақыл қосылса, әйел адам үшін нағыз бақыт - сол. Енді саған тек өзіңдей сұлу жігіт керек», - дейтін. Бұл да сондай кісіні қалайтындай, жан әлемінде белгісіз нәзік толқын діріл қағатын.

Мектепте он жыл бірге оқыған Айжарық биязы мінезімен қызға ұнайтын. Ер балаға қарағанда, қыз бала ерте ер жөтеді. Өзімен түйедей құрдас Айжарық Бибіге іні тәрізді. Өрі Айжарық ұялшақ-ты. Бұл тура қарап бірдеңе десе, не аузына түскен сөзді қойып қалып, не құлағына дейін қызарып, шала бүлінетін. Сөйтіп жүргенде Әбенмен танысты. Тісқақты жігіт қиядан қызыл түлкі көрген ителгі құстай шүйіліп түсіп, іліп әкетті. Өзілге тілінің епсегі мол, жайдары жігіт үнемі жақсы қырымен көзге түсетін. Кей кезде Айжарық пен Әбен таразылана кетеді. Албырт көңіл, аңғырт көңіл аңғарта ма алды-артын. Қыз үшін таразының Әбен жақ басы салмақты көрінеді әрқашан.

Ақтөбенің медицина институтына түскөн соң, бір жылын бітіріп, жазғы каникулға ауылға келді. Әбен мұны облыс орталығынан қарсы алды. Шын сағынып қалғандай. Қуантады, адал сырын, ақ көңілін жайып салады. Күлдіреді, күйдіреді, сүйеді.

Бұдан әрі оқуға барған жоқ, екеуі қосылды. Самат дүниеге келді. Алғашқы жылы бәрі де көңілдегідей еді, кілт өзгерді. Кілт өзгерген жоқ-ау, қояр дейтін. Өрши түсті. Ол - Әбеннің жоқтан өзге себептер үшін арақ ішетіндігі. Жалынып та, жалбарынып та, ренжіп те айтылған сөз дарымады.

Кейін жұмыстан босады. Қайғырған Әбен жоқ. Есесіне «ешін» арақтан алды.

Бұдан кейін ол бір күні белгісіз жаққа ізім-қайым тайып тұрды.

Бүгінгісі осы болсын. Ал ертеңгісі не болмақ... Ендігі бақытты кімнен, қайдан күтпек? Әлі жас. Әйел жаны - нәзік. Жүрегінен бойына тараған ыстық қаны - албырт махаббаты, өзіне беріле құлаған жар құшағын әлі де талай жылдар аңсары анық. Жоқ, әлде мұның біріне ерік бұғауымен мәңгілік құрсау салып, жүдеу тартқан көңілге Саматты медеу тұтып, келер күнге иек артпақ па...

Бибі құлазыған ой үстінде. Жұмыстан манағы әзірде шаршап оралған ол стол жанындағы креслоға отыра кетті де, қайтып қозғалған жоқ. Ымырт қараңғылығы қымтай түскен бөлме ішіндегі заттар көмескі тартып, жүдеу көрінеді. Бейтаныс үйге жаңа кіргендей, жан-жағына қарап отырған оның кезі тердегі үлкейтіліп ілінген Әбен мен екеуінің суретіне түсті. Өзімен қатарласа тұрған келісті жігіт тұлғасына біраз қарап отырды, осы жанды әлі де өзі сырт көрмейтін сияқты ма қалай?..

Электр жарығын жақпақ болып тұра берген оның басы зеңгіл, жүрегі аузына тығыла соғып, орнына қайта отырды. Бұл да соңғы үш-төрт айдан бері пайда болған тосын жағдай. Мән бермеуге болар емес, меңдеп барады. Қос қолымен маңдайын сүйеп ауырсына, екі иығынан дем алды.

Осы кезде үйге сыртта ойнап жүрген Самат кірді.

- Мамочка, самолетімді алып берші, ойнайын деп ем.

Қатты жүгіріп келген ол аптыға сөйлейді.

Бибі орнынан ауыр қозғалып, гардероб үстіндегі ойыншықтарының ішінен самолет моделін ала беріп, үнсіз қадала қарап тұрып қалды. Саматтың туған күніне Айжарық сыйға тартқан. Қазір сол модельден бұған ол жазғыра қарап тұрғандай.

Тағы басы айналып, көзі қарауытты. Жүрегі аузына тығылып, буыны дірілдеді. Қолынан модель түсіп кетті. Бірте-бірте өзін-өзі билей алмай, еденге екпетінен құлап түсті.

Самат зәресі ұша шыр ете қалды.

Көрші әйел жүгіріп кірді. «Жедел көмек» шақырылды.

Міне, олардың Алматыға келгеніне де үш-төрт күн өтті. Кектем күндеріндей кек майсаға малынып тұрмағанмен, ағаш жапырақтары сәл сарғайғаны болмаса, ез реңін жоғалта қоймаған. Бұлар келгелі Алматының құбылмалы аспаны да ашық. Жел жоқ. Жайма шуақ.

Айжарық үш күн ішіндегі бос уақытында Алматының біраз жерін аралап шықты. Жыл жарымға жуық уақыт ішінде көп өзгерген секілді.

Міне, қазір ғана «Қазақстан» кинотеатрынан шыққан Қарлыға екеуі кең аллеямен жүріп келеді. Самаладай жарқыраған электр лампалары кешені күндізгідей жап-жарық етіп тұр. Ағаш жапырақтарының келеңкелеріне қарап, әр жерге жолбарыс терісін жайып тастаған дерлік. Баяу өскен желменен тербеле шайқалып, билей тұрғандай.

Олар кең аллеямен жүріп отырып, үлкен баққа көліп шықты. Екеуі де әлденеге қиналған, шаршаған реңде. Бұған себеп – жаңа ғана өздері көрген Жапония киностудиясынан шыққан «Таза махаббат туралы аңыз» атты кинофильм. Фильмнің қайғылы уақиғасы көрермендерді қатты шаршатып шығарған болатын.

- Өмір сүрудің қымбаттылығын қалай терең түсінген еді сорлы қыз? - деді Қарлыға бір кезде.

- Айжарық, көңіл көтеретін бірдеңе айтшы. Мен мұндай кездердің ұзақ болуын қаламаймын, тегі қуану үшін ғана жаралған шығармын.

- Не айтайын?

- Көңілді бірдеңе айтсаңшы.

- Комедиялық рольде нашар ойнайтынымды білесің ғой.

- А... о, солай ма? - деді қыз оған наздана қарап, - Онда бір-біріміздің мінімізді айталық.

Айжарық рақаттана күлді мына сезге.

- Ендеше менің мінімді айта бер.

- Жоқ, әуелі мен туралы сен айт.

- Жоқ, әуелі менен басталық.

- Онда өкпелеме, қатты айтамын.

- Өкпелемеуге уәде берейін.

- Сенің ең бірінші мінің - қыз алдында ұялшақсың. Қыздардың көбі ұялшақ жігітті ұната бермейді.

- Қандай жігіттерді ұнатады қыздар?
- Ұстараның жүзіндей лыпып тұрған жігіттерді.
- Бойдақ қаласың десеңші.
- Гажап емес. Бірақ сенің ұялшақ мінезің кейбіреулерге ұнайтын сияқты.

- Ынжық адамды да ұнататындар табылады екен ғой?
- Сен ынжық емессің, сәл ұялшақсың. Ондай адамдардың махаббаты тұрақты болады.

- Бұл – бір. Тағы қандай мінім бар?
- Екіншісі – сен сыр жасырасың.
- Мұныға келісуге болар ма екен?
- Бибімен екеуіңнің араңдағы сыр ше, осы кезге дейін ол туралы маған ләм-мим демеуің, ол да... - Қарлыға жас баладай аузын бұртита сөйледі. Айжарық қынжылып қалды.

- Өз аузымнан естімегеніңе екінем. Кім айтты саған мұны?
- Бибі айтты. Ол маған сен туралы көп айтатын.
- Ө, ә, солай ма? - деп Айжарық даусын соза түсіп.
- Сағат неше болды, Айжарық?

Айжарық ағаш келеңкесінен солғын түскен электр жарығына таман барып, сағатына үңілді.

- Ештеңе көрінбейді.
- Кәне, мен қарайын. Сенің..

Қарлыға сезінің соңын айтпай, Айжарық қолындағы сағатқа үңілді. Ол Қарлығаның «сенің» деген сезінің соңында «кезің жақсы көрмейді ғой» деген сөз қалғанын айтпай түсінді. «Неге айтпады, намыстанады деп ойлай ма?»

- Екі болыпты. Біраз қыдырдық, қайталық, әрі ертең біз үшін сын сағаты ғой.

- Қайтсақ, қайталық.

Келген іздерімен қонақ үйіне қарай беттеді. Таң салқынынан тоңазыды ма, бойын әлсіз діріл толқыны билеген Қарлыға бұған тығыла түсіп, жеделдете басты.

- Айжарық!
- Әу.
- Концерт қалай өтер екен?
- Қайдам.

Бибінің ауруханада есін жинауы өзіне түс тәрізді. Әуелі біраз уақыт өзіне-өзі келе алмай, белмедегі көк түске боялған электр лампаларының сәулесі таң алдындағы тым төмендеп көрінген тұңғыық аспан секілденіп, ал жанында әбігерге түсіп, жүгіріп жүрген дәрігерлер сол көк тұңғыық аспан төрінде еркін қалықтап ұшқан аққулар болып елестейді. Өзі жан баспас шөл далада жатқандай, ал аққулар қанатымен бұға су бүркіп жүргендей. Тек өткір нашатыр исі мұрнына келгенде ғана әлпі түстің бәрі бірте-бірте өңіне айналды. Қатты қалжырапты, бойы дел-сал, әлсіз.

Мұның есін жинағанын көрген дәрігерлер топтала жиналып, көңілге медеу боларлық сөздер айтып жатыр.

- Қатты қорқыттыңыз, бірақ қауіпті ештеңе жоқ, ертең-ақ сауығасыз, - деді толықша келген әйел дәрігер мұның жанына отырып.

- Енді қорқыныш жоқ, қауіпті кезі өтті, - деді жас дәрігер қыз да қостап.

- Ойыңызға ештеңе алмаңыз, сауығып кетесіз, - деп жатыр өзгелері де.

Бәрінің де жүздерінде қуанышпен бірге әлі де жоғала қоймаған үрей ізі бар.

«Ауру жазылса, өздері өлімнен қалғандай қуанады бұлар», - деді ішінен. Есіне бұдан біраз жыл бұрынғы бір оқиға оралды. Институтта оқып жүрген кезінде тәжірибе сабақтарын еткізуге ауруханаға жиі барып жүрді. Бір күні ауру қатты меңдеген, жасы алпысты алқамдап қалған қарт адам келіп түсті ауруханаға. Дәрігерлердің анықтамасы бойынша, жүректің қабы ескен. Тез операция жасалмаса, мейірімсіз ажал құрсау салуы мүмкін.

Дәрігерлер тез қамдана бастады. Тәжірибе сабағы ретінде операцияға медицина институтының бір топ студенттері қатысуға тиісті болды. Операция жасау Игнатов деген қарт профессорға жүктелді.

Игнатов – ұзын бойлы, арық кісі. Өзін барынша салмақты ұстайтын. Көп сөйлемейді, айтар сөзін іштей елшеп-пішіп бір-ақ айтады. Әрі тәжірибелі, оқығаны мол. Сол үшін де дәрігерлер ерқашан оны құрақ ұшып, сыйлап тұратын.

Операция басталды. Нағыз ауыр минуттар етіп жатыр. Үш-төрт дәрігер қажетті құралдарды әзірлеп шақ үлгеріп тұр. Жым-жырт тыныштық. Тек скальпель, қайшылардың бір-біріне тиіп, шың ете қалған дыбысы мен профессордың керекті құралдардың атын атаған даусы ғана. Студенттер иін тіресе қарап қалыпты. Бірақ олар операция барысына емес, жайшылықта ауыр қозғалатын қарт профессордың көз ілеспес шапшаңдығына қайран қалып

тұр. Аузы-басын түгел орап алған профессордың маңдайынан сорғалаған терін бір студент әлсін-әлсін сүртіп тұр. Профессор минут сайын жанталаса түседі. Екі сағат жарымға созылған ауыр операция сәтті аяқтала тұра, дер кезінде қаралмай, меңдеп қалған қарт организмнің әлсіздігінен көтере алмай, мәңгілікке көз жұмды.

Мұны кергенде Игнатов қатты күйзелді. Екі қолын артына қайыра ұстап, бөлме ішінде әрлі-бәрлі жүрген ол бір кезде операция столына сүйеніп, жас баладай еңкілдеп жылап жіберді. Дәрігерлер оны жұбата алмай, көп әуре болды. Операцияның сәтті шыққанын, тек организмнің әлсіздігінен болғандығын қанша айтса да, Игнатов қос қолымен басын шеңгелдей ұстап жылай берді. Сөйтсе, талай адам өмірінің арашасы болған профессордың алғаш рет жасалған сәтсіз операциясы екен.

Палатаға хирург Қажымов келіп кірді. Кереует үстінде отырған бұған ол таңырқай:

- Қатты састырдыңыз ғой, Бибі. Бұлай қорқытуды кімнен үйреніп жүрсіз? - деп әзілдеді.

Бұл жауап орнына ақырын езу тартып күлді де қойды.

- Оқасы жоқ, - деді Қажымов жұбата сөйлеп, - жуықта-ақ сауығып кетесіз. Нервіңіз өлсірөген, әрі аздап жүрегіңізде дімкәстік бар. Бірақ бұл қауіпті жағдай да емес. Қатты қуанудан, ренжуден аулақ болыңыз.

Ол бұдан басқа да толып жатқан кеңес айтып, кетуге ыңғайланды. Бибі үндемеді, өзінің осынша ауруға кезіккеніне іштей езілсе де, сыр бермеді. Хирург шығып кеткен соң ол Саматты ойлап, тынышсыздана бастады. «Қайда жүр, жылап жүр ме? Қорқып кетпеді ме екен?..». Шыдай алмай дәрігер қыздан:

- Самат қайда жүр екен? - деп сұрады.

- Ойбай-ау, апа, кешірім етерсіз. Ол манадан сыртта жүр. Қасында Айжарықтың мамасы бар. Тарс есімнен шығып кетіпті, - деп дәрігер қыз сыртқа ұмтылды.

Ілезде есік кең ашылып, Самат жүгіріп кірді ішке. Қатты жылағанға ұқсайды. Шашы үрпі-түрпі, беті қып-қызыл ісінген.

- Мама! - деп айқайлап жіберді ол кіргеннен.

- Ақырын, Саматжан, ақырын. Бөлмеде өзге кісілер де бар ғой, - деді ол жүгіріп келіп, мойнына асыла кеткен Саматты бауырына қысып.

- Мама, ә, мама, тәуірсің бе? Мен қорықтым, тіпті. Ұйықтадың ба, мама? Сен неге бірден еденге құлай кеттің?

- Аздап ауырдым, көгершінім, енді сауықтым, міне.

- Мама, - деді Самат әлі де жылаған өксігін баса алмай ынтығып, - сыртта Айжарық ағайдың мамасы бар, оны жібермеді,

мені де жібермеді. Мен жыладым. Жібермеген ана апай, - деп дәрігер қызды меңзеді. - Әзір шықпаса, не керек екен, сұрап шық деді маған. Мама, сен қазір үйге барамысың?

- Жоқ, қалқам, мен әзір үйге бармаймын, емделуім керек. Ал сен бүгін Рәзия әжеңнің үйіне қон. Жылама, қалқам, үш-төрт күнде шығамын.

- Енді жіберіңіз, - деді дәрігер қыз.

- Бар, бара ғой, көгершінім!

- Сау бол, мама! Ертең тағы келем. Күнде келем. Күніне көп келем. Мені саған жібермесе, сені үйге алып кетем.

Самат соңғы сөзді дәрігер қызға сес көрсеткендей, қарап қойып айтты.

- Жіберем екіншіде. Ақылды бала екенсің ғой өзің, - деп дәрігер қыз Саматты қолынан жетектеп, сыртқа беттеді.

- Сау бол, мама!?

- Көгершінім, қызығым менің!

- Қандай ақыл-есті бала еді, - деді қасындағы кереуетте жатқан қаркестілеу әйел сүйсініп.

Жатқан соң да ол Саматты ойлап, ұйықтай алмады. «Қатарынан кем қылмаспын, әке мейірімінің орнын немен толтырам?», - деген ой шырмай береді.

Бибі Рәзияның ауруханаға қалай келгенін, Саматты қайдан кездестіргенін біле алмады. Ал Рәзия әжей осы ауруханада біраздан бері жатқан жөжкатына келіп жүретін. Бүгін де соған келіп, енді кете бергенде, «жедел кемектен» ес-түссіз Бибіні әкеліп түсіріп жатқанын, қасында Саматтың ешкімге көнбей, шырылдап жылап жүргенін кергенде, жүрегі елжіреген. Саматты қолына алып, соңынан не болатынын білмей, кетпей жүрген.

Бөлмедегілер өлдеқашан ұйықтап қалған. Жайлы тыныстап, тәтті ұйқыда жатыр. Тек бұрыштағы әйел ғана түс көріп, тынышсыз жатса керек. «Балам, бері жүр, ор бар ғой ол жерде құлайсың, қарашығым», - деді ап-анық дауыстап. «Баласы бар-ау, сірә». Өзі екінші жағына аунап түсті. Мұның ұйықтай алмай жатқанын білген кезекші дәрігер қыз қасына келді.

- Апа, жағдайыңыз қалай?

- Жаман емес, тіпті жақсы деуге болады. Бар, бар, дем ал.

- Түннің бір уағы болды, ұйықтамағансыз ғой деймін әлі.

- Ауырғандықтан емес, жай ұйқым келмей жатқаны.

Дәрігер қыз орнына кетіп қалды. Бибі өзінің шаршағанын сезді. Тағы да көзін жұмып біраз жатты. «Соңғы кезде Саматжан Әбенді жиі айтатын болып жүр. «Папам қашан келеді, маған не әкеледі?» - дейді ылғи. Не демек? Сәби ғой. Ержете келе бар мән-жайды түсінердағы».

* * *

Айжарық оянғанда, сағат Москва уақытымен жетіні соқты. Орнынан тұрмастан, кереует үстінде жатқан күйі белме ішіне кез жіберді.

Қонақ үйдің таза бөлмесі. Терезеден еденге түскен күн сәулесі есік жақта тұрған айна жиегімен шағылысып, қарсы қабырғаға көк, сары, жасыл бояулы сызықтар оймыштаған. Бұл Ақсуат өнерпаздарының концерт қойған күнінің ертеңі еді.

Айжарық тұрып киінді. Терезе алдына барып, сыртқа көз тастады. Көше ерекше құлпырулы. Әлгіде ғана өткінші жаңбыр жауыпты. Тас көшенің әр жеріне қақ тұрып, ағаш жапырақтарына іркілген жаңбыр тамшылары мөлдірей қалыпты. Көшеде әрлі-берлі ағылған машина, асыға басқан адамдар. Аспан шайдай ашық. Тек шөкімдей бір қара бұлт Алатаудың биік шоқыларынан асып барып тоқтапты. Бейне шыңның ұшар басына ілініп қалғандай. «Сол ғой жауып өткен». Терезе алдындағы терекке бір топ торғай келіп қонды. Ілезде әлденеден үріккендей, пыр етіп ұша жөнелді. Ағаш жапырақтарынан маржандай құбылған тамшылар төгіліп түсті.

«Ғажап екен, дала!» - деп ойлаған ол сыртқа қарап тұрған күйі түндегі ездері қойған концертті кез алдына елестетті.

Алпыс-жетпіс адамнан құрылған оркестрдің орындауында тасқын судай ақтарылған күй кепшілікке қатты ұнады. Булар бірнеше күйді бірінен соң бірін орындады. Оркестр әуені көрермендерді езге бір дүниенің есігін аштырып, қилы-қилы өңірдің қиясы мен өріне, еңісі мен шатқалына мың шығарып, мың түсіргендей әсер қалдырған-ды. Бір сәт бебеу қағып, бір сәт дөңбекши ыңырсыған әуен осынау жалпақ даланың бір кездегі сырын шерткендей.

Дүр қол соғу. Іштей қатты толқыған Айжарықтың өңі өрттей қызарды. Оркестр мүшелері бір-біріне жадырай сүйсіне қарайды. Ілкіде бытырай соғылған қолдар бір қалыпқа түсіп, дүркін-дүркін үдеп барады.

Тағы да екі күй орындалды.

Программадан тыс бірнеше күй орындалғандықтан, уақытпен байланысты концерттің біраз жері қысқарып қалды. Талабы да, талғамы да жоғары дүйім жұртшылық сол түні ақсуаттық өнерпаздарға қол соқты.

* * *

Бибі бірден қатты ауырғанмен тез айыққандай, жеңіл сезініп, тағамға тәбеті бірқалыпты бола тұра, хирург Қажымов бұған өзін ауруханадан шығуға болмайтынын, әрі аз-ақ күнде Саратовқа

жүретінін, сонда операция жасалатынын сыздықтата жеткізді.

Міне, қазір тізесінің үстіндегі кітапты шынтақтап, қос қолымен иегін таянып, белгісіз бір ойға батқан. Үлкен қара көздерін сүзе әлдебір нүктеге қадала қарап, жұқа еріндерін қымқыра тістеген. Айналасынан бейхабар. Тіпті жаңағы бір әзірде бөлмеге кірген Қажымовты да сезбей, кермей отыр.

- Сіз кереметтей ойға батыпсыз ғой.

Бибі селт етіп, кітабын еденге түсіріп алды.

- Ә, ие, осы күнге дейін «Анна Каренинаны» оқымай жүруіміз... Сорлы Анна ағасының семья бірлігін сақтай келіп, өзі қандай жайға түскен.

- Мұны кім сізге оқуға берген? Мұндай ауыр уақиғалы кітаптың сіз үшін қаншалықты қиын тиетінін ескерсеңіз нетті, - деді хирург қатулы үнмен мұның қолынан кітапты алып жатып, - мынау екінші кітабы ма?

- Иә, жаңа ғана оқып шыққанмын.

- Ескертем, мұндай кітапты сізге оқуға болмайды. Қайта сізге жеңіл уақиғалы, күлкілі, сықақ кітаптар оқу керек.

- Қайдам, сол әзіл-сықақтың соңында да қайғы болып жүрмесе.

Қажымов тағы бірдеңе айтуға оқтала бергенде, ішке жып беріп Самат кіріп келді. Әлденеге қуанышты. Үстіне үлкен ақ халат киген. Омырауының ілгегі салынбаған. Халаттың етегі жерге сүйретіле аяғына оралып, жүргізбей сүріндіре береді. Қолында әлдебір газет.

- Мама, - деді ол мұның мойнына асыла беріп, - Мына газетте Айжарық ағайларды мақтаған дейді. Суреті бар дейді, керші Серік ағай айтты дейді Қасен. Мен одан тартып алып, қашып кеттім.

- Көгершінім кішкентай, кәне! Тартып алғаның жарамаған екен.

- Ий, өзі ғой. Сұрасам бермейді көруге.

Қажымов пен Бибі газетке қатарласа үңілді. Республикалық газеттердің бірі екен. Алғашқы бетін түгелдей көркеменерпаздардың республикалық байқауына арнаған. Сол суреттердің ішінде Ақсуат ауданының оркестрі. Бейне шоқ гүл. Өнерпаздардың киген ұлттық киімдері аса сәнді. Оркестрдің алдыңғы жағында дирижерлік мінбеде тұрған Айжарық қырын түскендіктен бет-пішіні көрінбейді. Газет тілшілерінің бірі оркестрді келістіре мақтап, Айжарықтың есімін айрықша атапты.

- Молодец жігіт емес пе, Айжарық, - деді газет сезін үңіле оқып шыққан Қажымов.

Бибі үндемеді. Хирургтің сезіне жауап бергендей, газет бетіне

бірнеше тамшылары тырс-тырс тамып түсті.

Өзінің қуанышты хабар әкелгеніне мақтанып отырған Самат газетке бір, Бибіге бір қарап, көздері шарасынан шыға жыпылық қақты. Енді болмаса, жылап жібергелі шақ отыр. Бибі оны бауырына тартып, маңдайынан сүйді.

Қажымов ештеңе аңғармаған күйі «сау тұр» деп шығып кетті.

Бибінің ертең Саратовқа жүретін күні. Дәрігерлердің шешімі солай. Соңғы күні өз үйінде болуды ойлаған ол бүгін ауруханадан сұранып шығып, күнұзаққа Саматтың қасында жүрді. Оның барлық киімдерін жуып, қайта үтіктеп, ілгектерін қадады. Үй ішіндегі жиһаздар тиісті орнында таза тұрса да, қайта-қайта сүрткіштеп, бір орыннан екінші орынға қозғаумен болды. Бұрын ұзақты күн далада ойнайтын Самат та бүгін ешқайда шықпады. Мамасының Саратовқа баратынын, өзін қалдырып кететінін естігенде қатты тулады. Ұзақ жылады. Ақыры көнді. Сосын оның Саратовқа неге баратынын, өзін неге ілестірмейтінін, қашан келетінін, ол келгенше өзінің қайда болатынын күн ұзаққа қайталап сұраудан тынбады. Өзіне Саратовтан нендей сыйлық әкелетінін де сұрауды ұмытқан жоқ.

Көңілі бүгін қобалжулы. Сөйтіп жүріп, қойған нәрселерін қайта сүртіп, екінші орынға қозғаумен күні өтті. Бұл не? Қимастық па, дүниеқорлық па? Соңғысы мұның табиғатына тән болмаған нәрсе. Қимастық қой... Бірақ қимайтындай ол әлде қайтпайтын сапарға бара ма? Саратовқа барады. Біраз уақыт емделеді, сосын операция жасалмақ жүрегіне. Қайтып оралады. «Мүмкін операция сәтсіз шығып...» Тұла бойы мұздап, қалтырады. Күрсінді.

Самат кеште ерте ұйықтады. Көңілі бұрынғыдан да құлази түсті. Заттарды әрлі-берлі тасимын деп жүріп шаршағанын білді. Үй-ішін көзімен тінте қарап, диван үстінде отыр. Жанары солғын, қажығандық бар. Кенет Әбен екеуінің суретіне көзі түсті. Ызасы келді. Атып тұрып, қабырғаға ілулі тұрған рамкадан Әбеннің суретін суырып алып, пәре-пәресін шығарып жыртып, пешке лақтырып жіберді. Ашудан өне бойы дір-дір етіп, орнына қайта келіп отырды.

Әлден кейін бірте-бірте сабасына келе бастады. Аяқ астында жатқан сурет қиындыларын құрастыра жинап әуреленді. Сосын қолындағы қиындыларды есікке қарай тастай салды. Осы кезде есік қағылды.

-Кіріңіз, - деді ол ақырын.

Есік баяу ашылып, ішке Айжарық кірді.

Бибі қуанып кетті. Қарсы жүріп барып тоқтап қалды.

- Айжарық, сен бе?

- Сәлеметсің бе?

- Мен сіздерді келеді деп ойлағам жоқ ем, Алматыдан. Сәлеметсің бе, кел отыр.

Айжарық диванға келіп отырды. Енді екеуінің де аузына сөз түспей, жалтақтай қарайды.

- Құттықтаймын, сәтті сапарларыңмен. Қашан келдіңіздер?

- Келген бойым, тек үйде біраз болдым да шықтым. Бар жағдайды апамнан естігем, ауырып қалғансың бе, немене?

- Иә, аздап сырқаттанып... Қарлыға қайда?

- Алматыда қалды.

- Неге?

- Мұғалім болам дейді, институтта сырттай оқымақ. Үш-төрт күнде келіп те қалар.

- Жақсы болған екен, тек кере алмайтын болдым-ау өзін.

- Неге?

- Ертең жүрем Саратовқа. Сонда біраз уақыт емделем, сосын операция жасамақ жүрегіме.

- Сонда күні ертең бе?

- Иә, ертең жүруге тиістімін.

- Тосын жай тым.

- Сенің келгенің жақсы болды. Сені де, Қарлығаны да көре алмай кетем екен деп қапаланып ем.

190 - Дегенмен келген бойда осында кіреді деп ойламаған шығарсың?

- Алматыдан келіп үлгерсең, мұнда келетініңе күмәнданғаным жоқ, егер бұрынғы Айжарық болсаң...

- Мен шай қояйын. Шай ішелік.

Ол ауыз белмеге шығып кетті.

Оңаша қалған Айжарық айналасына қарап отырып, аяқ астында жатқан бір жапырақ сурет қиындысын көрді. Жерден қиындыны алып, үңіле қарады. Таныс кез. Әбеннің кезі... Сол... жаңа ғана жыртқан ғой. Осы кезде Бибі белмеге кірді де, сасып қалған Айжарық сурет қиындысын қайда жіберерін білмей, алақанына қыса қойды. Бибі стол үстіне электр самаурынын қойып, әлгі ыбырсып жатқан қиындыларды жинап алып, ауыз белмеге кетті.

- Қап, Қарлығаны кере алмайтын болдым-ау, үш-төрт күнде келеді дедің бе? - деді қайтып келген ол стол үстін дайындай жүріп.

- Оқасы жоқ, талай көресіңдер ғой әлі бір-біріңді.

- Қайдам, туған сіңілімдей керуші ем өзін. Операцияның қалай боларын кім білген? Мүмкін, енді қайтып ешқайсысыңды көрмеспін, - деді мұңайған үнмен.

- Бибі, аузыңа алма ондай сезді. Саған ондай жайды ойлауға болмайды, әрі қазір медицина жетістігіне үміт артсаңшы.

- Сол медицина жетістігі - мендегі соңғы үміт.

- Түк те қапа болма, бәрі көңілдегідей өтеді.

Жүдеулеу шай қамдалды. Екеуі шайды ұзақ ішті.

- Айжарық, - деді Бибі оның теңкерген шыны аяғын қайта жазып, шай құйып жатып, - менің сенен сұрар соңғы өтінішім бар.

- Қандай?

- Операция жасыратыны жоқ, ауыр. Кім білген, мынау күн сәулесі өмірден татар дәм таусылса... Әбеннің ұмыт қылғанына екінбеймін. Ең кішісі, кеше ауруханада жатқанымнан да хабардар бола тұра келмеді.

- Кім оған хабарлаған?

- Ауылдық Советтің председателі Айтжанов телеграмма салдым деген.

- Ол өзі қайда жүр?

- Қарағандыда. Сонда туыстары бар. Мейлі, иә, саған айтарым бұл емес еді, Саматжан ғой. Панасыз қала ма деп қорқам. Нағашымның тәрбиесі жақсы кісі болатын. Жеңгей де, өзі де өткен жылы қайтыс болды. Мен келгенше Самат сіздің үйде болсын, мен мәңгі қайтпасам, Әбен өз қолына алар.

- Саматты өз інімдей қадір тұтарым анық. Бірақ айтпашы сондай сөзді, жігеріңді жасыта бермесеңші. **191**

Бибі стол үстін сұртті де, диванға барып отырды.

- Бибі, - деді Айжарық орнынан тұрып, оның жанына келіп отырып. - Сен маған сенемісің?

- Сенгенім сол емес пе, өмірімнің ендігі қызығы Саматжанды өзгеге емес, өзіңе тапсырып отырғаным?

- Ендеше сен бақытты болуға әлі кешіккен жоқсың.

- Қалай? Қалайша?

- Алғашқы махаббатымның ақ шолпаны емес пе ең...

- Айтпа, ар жағын, түсіндім.

- Түсінсең, сенім білдір, бәрі де көңілдегідей болатынына титтей де күмәнданба.

- Сенемін, білемін. Айжарық, бір кезде сенің адал махаббатыңнан аттағаным үшін кешірім етінем, - деп ол булығы жылап жіберді.

- Жылама! Ол үшін табалап отырған ешкім жоқ.

- Сені Қарлыға сүйеді. Білем, сен де оны сүйесің. Ол - адал қыз. Ары да, жаны да аппақ-ау, аппақ. Сен оны сүюге тиіссің. Оған сен секілді жаны жаз, жүрегі жылы адам керек, - деді Бибі жылауын қойып, өзін еркін ұстады.

- Рас, ол - сондай жан. Мен оны сүйетіндігімді де жасырмаймын, бірақ ол әлі бұр шашпаған гүл қалпында. Мен оған сырымды жария еткенім жоқ. Бұдан сен мені бір жүрегіне екеуіңді де сыйғызғалы жүр екен дей көрме. Бірің ғана болмақсың.

- Сенем, Айжарық, бірақ бұр шашқан гүлге де күн көзі қажет. Ол – қыз. – Ол солқылдап қайта жылай бастады.

- Жоқ, жоқ сол сенімім үшін, мен үшін, Қарлыға үшін, өзің үшін, тіпті өмірде болатын таза махаббат үшін бұл сөзді қайталамашы. Өтінем, ақырғы рет өтінем. Сол сенің мені сүйгенің болсын. Қарлыға – уылжыған жас, әрі ақылды қыз. Оны бақытты ету үшін сенің жүрегіңнің жылуы жетеді. Мені қинамаймын десең, аясаң, осы өтінішімді орында. Ал мен Әбен қайтып оралмаған күннің езінде жар сүюден басқа бақыттың бәрінен үміткер жанмын. Ол бәрібір қайтып келеді. Өйткені ол соншама тасбауыр дегенге сенгім келмейді. Жаза басқан сәті шығар деген үміттемін әлі.

Бұдан кейін екеуі біраз уақыт мең-зең күйде үнсіз отырды.

- Самат мені жоқтап жылар, бірақ әжейді де, сені де өте жақсы көреді, үйренердағы, - деді бір кезде Бибі.

- Ал өзіңе операция барған бойда жасала ма?

- Жоқ бес-алты ай емделем. Хирургтің айтуы солай.

- Жақсы дем ал. Ертең жүресің ғой, - деді Айжарық кетуге ыңғайланып.

192 - Әзірге.

- Жақсы дем алып, жайлы тұр.

Айжарық қолын ұсынды. Бір-біріне қарады, қимайтын секілді ме қалай?..

- Самолет нешеде ұшады?

- Он бірде.

- Қош бол! Сол шамада аэродром басына барармын.

- Самат жөнінде Рәзия әжеймен сөйлесерсің.

- Әрине.

- Ертеңге дейін, - деп Бибі қолын қайта ұсынды.

Сыртқа шыққан Айжарықты таң тотысы бозторғай өз әнімен қарсы алды. «Таң атып қалыпты-ау, шіркін, Бибі! Аққу секілді, жаны қандай нәзік. Аққу ғой нағыз, адамның аққуы ...».

* * *

Айжарық пен Бибінің арасындағы жәй Рәзияға беймәлім. Бибінің анасы Сағадат пен Рәзия кезінде бірге ескен, көңілдес құрбылар еді. Екі ана өздерінше пайымдап, бұл екеуінің болашағына бір жол тілеген.

Сағадат дүниеден ерте озды, кейін Бибі Әбенге тұрмысқа шыққанда Рәзияның бұл үміті үзілген. Ал қазір ана көңілінде аяушылық сезімі ғана. Айжарықтың Саматты Бибі емделіп

қайтқанша алып қалуы туралы өтінішін кеңілі салқын тарта тұра, қарсы болмады.

Айжарық әлдебір көлденең жұмыстармен бөгеліп, аэродром басына кешігіңкіреп келгенде, ауданнан облыс оталығына оралатын самолеттің ұшуына санаулы-ақ минуттар қалғанды. Өзге жолаушылар самолетке отырып, Бибі ғана бір топ жолдастарының ортасында мұны асыға күтіп тұр екен. Шығарып салушылыр көп-ақ. Солардың ішінде Рәзия да жүр. Бибі Саматты көтеріп алыпты. Самат жылап жібөргелі шақ тұр, жас толған көздері сәулеленіп, кішкене ұрты үрген қарындай бұлтиып кеткен.

- Кешіккен соң, үлгере алмас деп тұр ем, жақсы келдің, - деді Бибі жадырай үн қатып.

«Жыламады, жарады», - деді ішінен Айжарық.

- Ғафу ет, кешігіңкіреп қалдым.

- Ештеңе етпес, ал әзірге қош тұр. Саматжан әжем екеуіңе аманат. Саматжан, бар әжеңе. Мен жақында келем, - деп Саматты бетінен қайта-қайта сүйіп, Рәзияға ұсынды.

- Қарағым, аман барып, сау қайтуыңа ақ тілектеміз, - деп Рәзия оның маңдайынан сүйіп жатып, көзіне жас алды. – Саматты ойлап қамықпа, Айжарықтың інісі ғой, жылатпаспыз.

- Бибі, тездетіңкіре. Самолет ұшатын уақытынан кешікті, - деді аэродром бастығы асығып.

Бибі шығарып салушылармен қол алысып, қоштаса бастады.

- Аман барып, сау қайт!

- Біз сені асыға күтеміз. Тез айығып қайт!

- Сәтті сапарың болсын!

Ол Айжарыққа ең соңынан келіп қол ұсынды.

- Қош бол, Айжарық!

- Тез айығып қайтуыңа ізгі тілектеміз.

- Бибі, тез! - деді тағы аэродром бастығы.

- Ал, әзірге сау тұрындар, достар. Сау бол, әже! Сау бол, кегершінім. Жылама. Сау бол, Айжарық. Бәрің де. Қарлығыға менен сәлем дерсіңдер.

Ол кейін жалтақтай қарап, самолетке беттеді.

- Сау бол, Саматжан! Жақында келем! Жылама! – деді самолетке мініп тұрып.

- Сау бол, мама! Тез кел!-деді Самат жыламсыраған үнмен.

Ұшқыш есікті жауып тастады. Лезде самолет гүр етіп тұтанды да, айналаға дауылды жел тұрғызып, орнынан қозғалды. Біраз жерге жүгіріп барып, көтеріле бергенде, кішкене терезеден Бибі соңғы рет қол бұлғады. Жылап бара жатқан секілді, орамалымен аузын басып алыпты. Самолет еркін қалықтап кетеріле берді.

- Сау бол, мама-а-а! - деді Самат бар даусы жеткенше айқайлап.

Үшінші тарау

Жақында көлдей шалқыған кеңілмен Ақсуат жастары Айжарық пен Қарлығаның қосылу тойын еткізді.

Шабыт - әрқилы нәзік сезім. Және ол иығында жұдырықтай жұмыр басы бар пенденің бәріне тән. Шабытсыз жан - тірі өлік, меңіреу тас. Кім-кімде де жүрек бар, олай болса, кім-кімге де сезім, түйсік, қуаныш, күйініш тән. Бірақ әр адамда жүрек әр басқа, сондықтан сезім де, түйсік те, қуаныш та, күйініш те әр басқа. Барлық адамда мұның бәрі бірдей болуы мүмкін де емес. Қуанса да, күйінсе де аспан асты, жер үстіне сыймай жүретіндер де, не мұның бәрін кермеген, сезбеген жандай бар сырын сезім тұңғиығына сақтайтындар да толып жүрген шығар.

Сол адамдардағы шабыттың қайнар көзі - жүрек. Ендеше әрқилы сезімнен әрқилы шабыт оты ұшқындамақ. Ал дәлірек айтқанда, шабыт деген не? Бұл сұрақ Айжарықтың ойын он бөліп, талай толғантқан жай.

194 Нағыз сұлулық дүниесі өрісі кең шабыттан туады. Ал сол сұлулық дүниесін туғызатын әр шабыттың жүректі шын бұған шағы қандай болмақ? Айжарық осы жерге келгенде кемерге тірелгендей бола береді.

Шабыттың шоқ гүлін шың биігінен көріп, мөлдір сезімнің тұңғиығына балайтын. Өзі көкейге қонымды тәп-тәуір бірнеше ән шығара тұра, сол әуендер қиялына қанат, сезіміне серік болған шын шабыт отынан туған дүниелер ме, әлде еткінші дала құйыны сияқты болмашы жылт еткен сезімнен туған бірдеңелер ме? Бұған оның өзі - жұмбақ. Ал шынында, ол сол бір шабыт деген әлемет күштің сезім жалынынан лып етіп от алып, өз жүрегінде лап қойғанын сезбей қалатын. Міне, қазір Айжарықтың тапжылмастан рояль жанына отырғанына тәуліктен асып барады.

Кеше әдеттегісінше жұмысына барғалы жатқан ол тым көңілді еді, әлдебір әнді ыңылдай жүріп, сумкасына қағаздарын жинастырып салып жатты. Бір кезде қағаздарын ысыра салып, тергі бөлмеге тез басып етті де, рояль жанына отырды. Қайтып қозғалған жоқ.

Тосын құбылыс бола тұра, Қарлыға бұған таңырқамады. Тек «сәтті кез болсын» деп іштей қуана тіл қатқан келіншек тілегі мұның соңын асыға күтті.

Ауыз белмеде айқайлап ойнап жүрген Саматты ертті де, сыртқа шығып кетті.

Рәзия жуықта туыстарына қыдырып кетіп, әлі оралмаған еді.

Қарлыға кітапханаға барды. Біраз уақыт кітап оқып, сонда отырып, Бибіге еткен аптада жаза тұра, тағы да хат жолдады. Саматтың амандығын, өздерінің оны асыға күтетіндіктерін, тез айығып кетуіне тілектес екендігін айтып жазды.

Жақында Бибіден де хат келген. Онда ол операцияның сәтті болғанын, қазір денсаулығының жақсы, айығып келе жатқанын жазған. Айтпақшы, Әбен Бибіге операция жасалған күннен бері Саратовта керінеді. Кімнен естігені белгісіз. Әйтеуір Бибіге ертең операция жасалады деген күні Қарағандыдан Саратовқа жетіпті. «Самат сенімді жерде ғой, енді Бибімен бірге қайтайын», - деп жазыпты өткен хатында.

Кітапханадан шыққан соң, Қарлыға мектепке барды. Онда бірін-саран мұғалімдерді ғана кездестірді. Оқу кезінде қуанышқа толы ізгілік мекеніндей көрінетін мектеп қазір құлазып тұр.

Мектептен шыққан соң да, ол әлдебір жұмыстармен бегеліп, Самат екеуі үйге кеш оралды. Айжарық әлі сол орнынан тапжылмапты. Рояль тілінен бір мұңды саз асып-төгіліп жатқандай. Қарлыға келесі бөлмеден біраз тыңдап тұрды да, кешкі астың қамына кірісті. Кешікпей әзір болды. Бірақ Айжарық қозғала қойған жоқ. Бәрін әзірлеп қойып, ұзақ күтті. «Шаршаның емес пе, тамағыңды ішсеңші» дегісі келіп неше оқталса да, әлденеге тосырқап бара алмады. Ақыры, кешкі асты Самат екеуі отырып ішті. **195**

- Айжарық ағам неге тамақ ішпейді, бізбен бірге отырып? - деді Самат өріктің бір түйіріне аузын толтырып алып.

- Ағаңа музыка да ас болады, - деп күлді Қарлыға.

- Мен де ескен соң Айжарық ағам секілді музыкант боламын. Маған ағам кеше «Яблочканы» үйретті. Мен қазір оны мүдірмей тартам, - деді мақтана мәз боп.

- Саматжан, сонда сен де ағаң құсап күнұзаққа музыканы ас қылып отыра беремісің?

- Апа, музыкант болу үшін күнұзаққа тамақ ішпеу керек пе?

Қарлыға мәз боп күліп, Саматты бетінен қайта-қайта сүйді.

- Ал сен ұшқыш боламын деуші едің ғой?

- Ұшқыш та, музыкант та боламын.

- Тіліңнен айналайын, кішкентай көгершін.

Қарлыға стол үстін жинастыра бастады. Тамақ ішіп болып жатқан соң Самат әлденелерді айтып, ұйықтамай жатты.

- Апа, мамама біз самолетпен барамыз ба, поезбен бе?

- Самолетпен.

-Ту-у поезбен барсақ қайтеді. Көп жерді көреміз, ал самолет өте биік ұшады, жолдағы таулар мен қалаларды көре алмаймыз

ғой. Өзендерді де кере алмаймыз. Жолда қалалар көп, езендер де көп болар? Ә? Таулар көп пе?

- Мамаңа онда тез жете алмаймыз емес пе?

- Ә-ә, - деді енді түсінгендей, - бәрібір мен өскен соң солай аралаймын.

Осы секілді әлденені айтып жатып, күн ұзаққа мұнымен бірге жүріп, әрі ойнап шаршаған ол бір кезде мұның мойнынан тас қып құшақтаған күйі ұйықтап кетті. Бұған тығыла түсіп, ақырын ғана пыс-пыс етеді.

Соңғы кезде Бибіні сағынды ма, аузынан тастамайды. Осы бір сүйкімді, жайдары баланы Айжарық та, Қарлыға да, Рәзия да өте жақсы керетін. Кей кезде күніұзаққа үшеуінің ермегі - Самат. Кейбір сұрақтарға дұрыс жауап қайтарса, кейбіріне өзінің балалық топшылауымен мүлде теріс жауап береді. Оған үшеуі мәз.

Бір кезде өсігі жабық тергі белмеден музыка булығы шықса да аныққа жақын естіліп қалды. Елең етіп тыңдай қалған Қарлығаға бебеу қаққан үн жетті. Таныс емес. «Не жұмбақ? Бұл туралы ештеңе айтқан жоқ еді ғой ол бұған...» Тағы да баяулай қалған рояль үні естілмей қалды.

196 Шалқасынан аунап түскен Самат ұйқысырап жатыр. «Мама, сен езің келдің бе, біз барайық деп жүр едік саған», - деп апанық сөйледі. Саматты қырынан аударып салып, орнына қайта жата берген Қарлығаның бүйірін әлдене қатты бүре бүлк өткізді. Бірдеңе сезгендей жүрегі алып-ұшып, лүп-лүп ете қалды. Ол ақырын ғана алақанымен бүйірін сипады. Жұдырықтай қап-қатты бірдеңе алақанының астында қозғалғандай болды. «Япыр-ау, мен...». Ол орнынан ұшып тұрды да, төргі белмеге ұмтыла түсіп тұрып қалды. Осы сәтте қуанышын Айжарықпен бөліскісі келді, бірақ онысынан ұялғандай болып, орнына қайта жата кетіп, одеялымен тас бүркеніп алды.

Тағы да төргі белмеден рояльдың сапырыла ақтарылған жойқын сазын естіген жоқ ол. Өйткені осы сәтте ез жүрегінде кереметтей үлкен қуаныштан туған ғаламат марш ойнап кеткен еді.

- Қарлыға!

Айжарықтың даусы қуанышты естілді. Қарлыға төргі бөлмеге енгенде, ол бұған күлімсірей қарап тұр еді. Өңінде ойнаған күлкі нышанымен бірге шаршағандық аңғарылады.

- Шаршадың ғой, демалсаң нетті.

- Ештеңе емес, - деді Айжарық, - есесіне, міне!

Ол нота сызықтары түсірілген бірнеше табақ қағаздарды ұсынды бұған. Алғашқы беттегі «Аққу сазы» деген сезге Қарлығаның көзі бірден түсті.

- Иә, бұл - соната. Сол аққу мұңы жайлы.

- Айжарық, мен білгенмін...

- Иә, Қарлыға, менің бұл - алғашқы сонатым. Жүрегімдегі бір жылдан бергі мазалаған ой еді. Енді тыңда. Менің тұңғыш сонатамның алғашқы төрешісі өзің, - деп рояль жанына барды. Қарлыға жақын келіп, рояль ақырын ойнай жөнелді. Соната жұмсақ, әрі ерекше шалқымалы әуенмен басталады екен. Рояль тілінің үстінде жүгірген саусақтар аса бір ұқыптылықпен музыка ырғағын термелеп жүр. Тым жайлы да ашық, жарқын да шуақты саз. Нәзік лирика лебі еседі. Қарлыға ерекше бір сезімге елігіп, қанат қаққан қиялына ерік берді. Осы әуенмен тылсым табиғаттың ғажап көрінісі кез алдына келген еді. Шалқып тегілген саз көңілге қонымды. Төрбете маужыратады. Мұндай шәрбаты мол музыка сазын ұзақты күн тыңдасаң жалығармысың?! Бірақ манадан рояль тілінің үстінде ақырын ғана жүгірген саусақтардың бірі тыптыныш көл бетінде шоршып ойнаған балықтай әнтек көтеріліп, ортаңғы бір клавишті қатты қағып қалды. Шаңқ ете қалған дауыс түн ұйқысының маужыраған тәтті шағында түртіп оятқандай, Қарлығаны селт еткізді. Өлгі жанға жайлы, ләззаты мол дүние табан астында ғайып болды. Ілезде әлем-тапырақ өзге бір дүние басталды. Манадан музыка ырғағына ілесіп, жай ғана қозғалып отырған Айжарық енді жұлқына тартты. Жайшылықта оның ақ сары, жұқалтақ өңінен мейірбандықтың сәулесі мол байқалатын.

197

Енді мүлдем өзгерген: түсі суық, кішкене жұқа қабақтары түйіліп, ақ сары өңіне қаны теуіп, тершіген маңдайына жабысып қалыпты. Абзал болғанда, бұл әуен ұзаққа созылмады. Қалай тез басталса, солай тез аяқталды. Тек манағы жайлы саз қайта оралмады. Оның орнына енді ауыр мұң ауысты. Енді бір сәтте мұның бәрі жоқ болып, бебеу қаққан зарлы үн көлді құлаққа. «Ғажап! Мынау ақ аруынан айрылған ата аққудың зары ғой». Бұдан әрі ата аққудың қайғылы үні музыка тілімен ұзақ шертілді. Бірде төмен сорғалай құлап, бірде тіп-тік жоғары кетерілген аққудың қанатының суылы ап-анық естіліп қалғандай. Бір кезде кіп-кішкене жүрегі қоярға жер таппай, бебеу қаққан аққу үні талмаусырап барып, тынып қалды. Музыка дәл осы аққудың кемейінен тегіліп тұрғандай, кілт үзілді.

Екеуі де үнсіз отырып қалды. Айжарық болса, рояльға қараған күйі, ал Қарлыға жаңа ғана төгілген мұңды әуенді ез көңілінде қайта ойнатып отырды. Өлден уақытта ғана «ұнай ма?» дегендей, Айжарық Қарлығаға қарады.

- Айжарық, қатты ұнады маған. Бұл - нағыз аққу қайғысы. Рояль тілінен өмес, аққудың өз көкірегінен төгілген қайғы.

- Тек көпшілікке саған ұнағандай ұнай қойса.

- Ұнайды. Сөзсіз ұнайды. Айжарық!

- Әу.

Қарлығының өңінде қызыл жалын лып етті.

- Айтсаңшы.

- Айжарық, менің кеудемде сәби тынысы бар. - Ол бетін Айжарықтың кеудесіне басып, жүзін жасырғандай болды.

- Не дедің? Қайта айтшы!

Қарлыға қайталады.

- Қойшы! Бір күнде қос бақыттың қанатынан ұстадың десейші! Рас па, рас па тек осы?

Бір-біріне қуаныш сыйлаған жас жұбайлардың жанарларында осы сәтте бақытқа деген шексіз құштарлық ұшқын шашып еді.

Кеше Рәзия әжейдің үй-іші ұлкен бір қуанышқа кенелді. Әбеннен телеграмма келген. «Бибі әбден айықты. Енді екі-үш күнде барып қалармыз», - депті. Мұны естігенде Самат ұшып, көкке қонып, жерге сыймады. Күні-бойы өзімен бірге ойнаған балаларға мамасы мен папасының келетіндігін айтып мақтанумен болды.

* * *

198 Жерден небәрі елу-алпыс метр ғана биік, нақ басы көлге қалай еңкіш біткен жартастың неліктен «Теректас» деп аталғаны белгісіз. Ауылдағы үлкендердің кейбірі «бұл арада бұрын тау болған, ал кейін келе дүлей табиғат күшіне шыдамай, мүжіліп, мынау бұйрат-бұйрат құм астына шөгіп қалған», - десе, енді біреулері: «Бұл арада бұрын тау болмаған. Мына тас ежелден тұрған», - дейді. Қалай болғанда да, айналасы тай шаптырым осы жартасты ешкім көтеріп әкеліп қоймағаны анық!

Қазір сол тастың үстінде бір топ бала тұр. Шығыс жақ пен езен үсті күн сәулесіне боялып, қызыл шұғылаға малынған. Бұлтсыз аспан мен езен беті бейне бір-бірінің көшірме суреті дерлік. Күншығыс жақ қаулай өскен көк майса, түрлі-түсті гүл. Нәрлі бояуы қызыл араймен сүйісіп, қиялдағыдай көрікті. Сонау жасыл алқаптың төріндегі қалың орман қашан да сағымды.

Ал ауыл үсті тіршілік қарбаласында. Кешеді әрлі-берлі ағылған машиналар жеңіл ғана шаң будағын көтеріп өтеді. Асыға басып жүрген адамдар.

Әлгіде «Теректастың» үстіне шыққан бір топ бала дабырлай шуласып, теңіректі қызықтауда.

- Шіркін, біздің Теректастан биік тау бар ма екен? – деді Еркеш.

Балалар күліп, мұны мазақ ете бастады.

- Надансың. Жаратылыстану пәнінің мұғалімі қайдан да екі

қоймасын-ау, - деді Талғат.

- Әй, осы сенің кесір тіліңді жұлып, қолыңа бермесем, - деп Еркеш Талғатқа түйіле ұмтылды. Өзгелері араша түсті. Балалардың бәрі бірдей бұған қарсы болғанына ызаланып тұрған Еркеш өзеуреп, арашаға көнер емес.

Мұның ақыры немен тынарын кім білсін, осы кезде балалардың бірі кенет айқайлап жібермесе:

- Балалар, қарандар! Аққу келеді, аққу!

Бәрі жалт қарасты.

- Балалар, жалғыз ғой мынау.

- Керерсіңдер, бұл ата аққу, - деді Еркеш.

- Иә, бұл былтырғы мекиені атылған аққу.

Аққу бұл жолы кеп бөгелген жоқ. Әуелей қалқып, өзенді бірнеше айналып өтті де, шығысқа қарай қанат қақты.

- Ей, аққу-у-у, естимісің, сен туралы, сенің ақ аруың туралы соната бар, - деді балалардың ересектеу бірі.

- Соната деген не?

- Ұзақ ән деген сөз.

- Оны кім шығарған?

- Айжарық ағай.

- Айжарығың кім?

- Неше Айжарық бар еді. Бақташы Айжарық деп пе ең? Кәдімгі өзіміздің музыкант ағайдағы.

199

- Аққу-у, сен туралы таусылмайтын ән бар, естимісің?!

Балалардың даусын кешкі ауа жан-жаққа алып-қашып жатты. Бұған жауап қайырғандай, аққу әлгі мұңды үнін қосты. Бейне: «рақмет, адам, мың рақмет, мәңгі ортаймас қайғыма ортақ болғандарыңа! Мен сендердің адам аттарыңды ақ арым мен адал қасиетімдей әрқашан жоғары қадірлеймін. Рас, араларыңда жүзі суық мейірімсіз жандар да бар. Бірақ олар сендердің адам деген қасиетті аттарыңа кір келтіре алмайды. Рақмет. Мың қайтара рақмет, адам», - деп бара жатқандай еді.

- Сәт сапар, аққу-у-у! - деді балалар бірінен соң бірі айқайлап.

Кешкі тымық ауа мен езен беті бұл дауысты қағып алып, мың сан тарапқа жүгірте таратып, «Сәт сапар, аққу-у-у», - деп қайталап жатты.